«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы, «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, микроқаржылық қызмет және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

**1.** «Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 49 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18545 болып тіркелген, 2019 жылғы 24 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
- *«Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы»;*

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.»;*

- *көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру қағидаларында:*

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
- *«Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидалары»;*

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- *«1. Осы Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы (бұдан әрі – Банктер туралы заң), «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы (бұдан әрі – Рұқсаттар туралы заң), «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі (бұдан әрі – Валюталық реттеу туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және қойылатын біліктілік талаптарын қоса алғанда, уәкілетті ұйымдарды лицензиялау, уәкілетті банктің айырбастау пункттері қызметінің басталуы немесе тоқтатылуы туралы хабарлау тәртібін, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру жөніндегі қызметке қойылатын талаптарды, айырбастау пункттерінің жұмыс істеу талаптарын және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) шығарған тазартылған құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату бойынша операциялар жүргізу тәртібін, сондай-ақ уәкілетті банктердің және уәкілетті ұйымдардың есептерді ұсыну нысандары мен мерзімдерін айқындайды.*

**2.** Қағидаларда «Теміржол көлігі туралы» 2001 жылғы 8 желтоқсандағы, «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы, «Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі, «Ойын бизнесі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы, «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» 2013 жылғы 16 қаңтардағы, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарында, Валюталық реттеу туралы заңда көрсетілген мағыналарда қолданылатын ұғымдар пайдаланылады.

Қағидаларда сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:
- *1) автоматтандырылған айырбастау пункті – қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғаға тиесілі және оның қызметкерінің қатысуынсыз оған қолма-қол ақшаны осы құрылғыға енгізу және одан басқа валютада қолма-қол балама соманы алу арқылы айырбастау операцияларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін электрондық-механикалық құрылғы;*
- *2) айырбастау операциялары – айырбастау пункттері және автоматтандырылған айырбастау пункттері арқылы жүзеге асырылатын қолма-қол шетел валютасын сатып алу, сату және айырбастау бойынша операциялар;*
- *3) айырбастау пунктінің операциялық кассасы – айырбастау пункті үй-жайының қолма-қол шетел валютасымен операциялар жүргізу кезінде, сондай-ақ «Алтынның өлшеуіш құймалары. Техникалық талаптар» ҚР СТ 2049–2010 Қазақстан Республикасының ұлттық стандартына сәйкес келетін, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2017 жылдан ерте емес шығарған тазартылған құйма алтынды (бұдан әрі – тазартылған құйма алтын) сатып алу және (немесе) сату кезінде клиенттерге қызмет көрсететін кассирге арналған арнайы жабдықталған бөлігі;*
- *4) аппараттық-бағдарламалық кешен – айырбастау операцияларының, тазартылған құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату есебін жүргізуді қамтамасыз ететін бақылау-касса машинаның функциясын іске асыратын автоматтандырылған ақпараттық жүйе;*
- *5) қолданыстағы лицензия – қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған берілген немесе қайта ресімделген, қолданылуы тоқтатыла тұрмаған немесе тоқтатылмаған лицензия;*
- *6) қолма-қол шетел валютасы – шетелдік мемлекеттер заңды төлем құралы ретінде қабылдаған айналыстағы банкноттар, монеталар және қазынашылық билеттер;*
- *7) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға – өзіне Ұлттық Банк, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган берген лицензияға немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар уәкілетті ұйым немесе уәкілетті банк;*
- *8) лицензияға қолданыстағы қосымша – қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған берілген немесе қайта ресімделген, қолданылуы тоқтатыла тұрмаған немесе тоқтатылмаған лицензияға қосымша;*
- *9) лицензияға қосымша – қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияның уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінің нақты орналасқан орны туралы мәліметтер қамтылған ажырамас бөлігі;*
- *10) электрондық лицензия және лицензияға электрондық қосымша – қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензия және ақпараттық технологиялар пайдаланыла отырып ресімделетін және берілетін, маңызы қағаз тасымалдағыштағы лицензиямен және лицензияға қосымшамен бірдей электрондық құжат нысанындағы лицензия және лицензияға қосымша.»;*

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«4. Шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға айырбастау операцияларын жүргізгенге, тазартылған құйма алтынды сатып алғанға және (немесе) сатқанға дейін «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – КЖТҚҚ туралы заң) 5-бабына сәйкес клиенттерді тиісінше тексеру жөніндегі шараларды қабылдайды.»;*

*6, 7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:*
- *«6. Уәкілетті ұйымның құрылтайшылары (қатысушылары) Қазақстан Республикасының резидент және бейрезидент жеке және заңды тұлғалары болып табылады.*

Мына:
- *1) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясынан айыру туралы шешім қабылданған уәкілетті ұйымның құрылтайшысы (құрылтайшыларының, қатысушыларының бірі)*

*болып табылатын тұлға Ұлттық Банктің аумақтық филиалының тиісті шешімінің күнінен бастап 3 (үш) жыл өткенге дейін;*
- *2) өзіне қатысты қаржы ұйымының, банк және (немесе) сақтандыру холдингінің басшы қызметкерінің лауазымын атқару және қаржы ұйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) болу құқығынан айыру түрінде қылмыстық жаза қолдану туралы соттың заңды күшіне енген шешімі бар тұлға уәкілетті ұйымның құрылтайшысы (құрылтайшыларының, қатысушыларының бірі) болып табылмайды.*

***7.*** Уәкілетті ұйымның жарғылық капиталы заңды тұлға қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға өтініш білдіргенге дейін толық көлемде ақшалай нысанда қалыптастырылады.

***8.*** Уәкілетті ұйымның жарғылық капиталының ең аз мөлшері:
- *1) Нұр-Сұлтан, республикалық маңызы бар қалаларда, облыстардың әкімшілік орталықтарында, облыстық маңызы бар қалаларда орналасқан әрбір айырбастау пункті (автоматтандырылған айырбастау пункті) үшін 100 000 000 (бір жүз миллион) Қазақстан теңгесін (бұдан әрі – теңге);*
- *2) өзге жерде орналасқан әрбір айырбастау пункті (автоматтандырылған айырбастау пункті) үшін 50 000 000 (елу миллион) теңгені құрайды.»;*

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«10. Қаланы республикалық, облыстық маңызы бар қала санатына жатқызған немесе қаланы облыстың әкімшілік орталығы деп таныған жағдайда, осы қалада айырбастау пункті бар уәкілетті ұйым жарғылық капиталдың мөлшерін қаланы республикалық, облыстық маңызы бар қала санатына жатқызған немесе қаланы облыстың әкімшілік орталығы деп таныған күннен бастап алты ай ішінде Қағидалардың 8-тармағының 1) тармақшасында белгіленген талаптарға сәйкес келтіреді.»;*

11-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
- *«1) айырбастау пунктінің үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Заңның 15-бабының екінші бөлігінің 11) тармақшасына сәйкес Ұлттық Банкі бекіткен екінші деңгейдегі банктердің, Ұлттық пошта операторының, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидаларында белгіленген талаптарына сәйкес жүзеге асырылады;»;*

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
- *«3-тарау. Уәкілетті ұйымдарды лицензиялау тәртібі»;*

12-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
- *«1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияны және лицензияға қосымшаны алуға арналған электрондық өтініш, өтініш берушінің Қағидалардың 13-тармағында көзделген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;»;*

13-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:
- *«1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияны және лицензияға қосымшаны алуға арналған электрондық өтініш (Қағидалардың 12-тармағында көзделген жағдайда), Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосымша ашылатын айырбастау пункті үшін қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған қолданыстағы лицензияға қосымшаны алуға өтініш (Қағидалардың 17-тармағында көзделген жағдайда);*
- *2) екінші деңгейдегі банктің Қағидалардың 8-тармағының талаптарына сәйкес уәкілетті ұйымның банк шотына жарғылық капиталына жарна ретіндегі ақшаның есепке жазылуын растайтын, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға өтініш берген күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен ерте емес берілген құжатының электрондық көшірмесін (оның ішінде клиенттің банк шоттары бойынша ақша қозғалысы туралы үзінді-көшірме) не уәкілетті ұйымның жарғылық капиталы мөлшерінің қосымша айырбастау пунктін ескере отырып белгіленген талаптарға сәйкес келуін растайтын, Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосымша ашылатын айырбастау пункті үшін қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған қолданыстағы лицензияға қосымша алуға өтініш берген айдың біріндегі жағдай бойынша қаржылық есептіліктің электрондық көшірмесін (Қағидалардың 17-тармағында көзделген жағдайда);»;*

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«14. Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияны және қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияға қосымшаны Ұлттық Банктің аумақтық филиалы «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы қазақ және орыс тілдерінде құжаттардың толық топтамасы ұсынылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде тиісінше Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларда белгіленген нысандар бойынша береді. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тартуды Ұлттық Банктің аумақтық филиалы «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы Валюталық реттеу туралы заңның 12-бабының 6-тармағында көзделген жағдайларда жүргізеді.»;*

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«18. Уәкілетті ұйымның айырбастау пунктіне арналған үй-жайды, жабдықты, оларға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келуін қарап тексеруді Ұлттық Банктің аумақтық филиалы қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру үшін көзделген мерзім ішінде жүргізеді.»;*

19-тармақта:
- *екінші бөліктің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:*
- *«1) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған қолданыстағы лицензияны қайта ресімдеген кезде;»;*

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:
- *«Қолданыстағы лицензияны және (немесе) лицензияға қолданыстағы қосымшаны қайта ресімдеуді Ұлттық Банктің аумақтық филиалы «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы барлық құжат ұсынылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде және Рұқсаттар туралы заңның 33 және 34-баптарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады. Бұл ретте қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияны және (немесе) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге өтініш қолданыстағы лицензияны және (немесе) лицензияға қолданыстағы қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туындаған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Қағидаларға 5-қосымшада белгіленген нысан бойынша ұсынылады.»;*

26-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
- *«26. Ерікті таратылған не қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру жөніндегі қызметтен бас тартқан жағдайда, уәкілетті ұйым шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы тиісті шешімнің көшірмесін қоса бере отырып, Ұлттық Банктің аумақтық филиалына жазбаша не «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы хабарлайды және қазақ және орыс тілдеріндегі қолданыстағы лицензияны және лицензияға қолданыстағы қосымшаларды қайтарады (қағаз нысанында берілген қолданыстағы лицензия және лицензияға қолданыстағы қосымшалар үшін).»;*

27-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
- *«27. Қолданыстағы лицензияның және (немесе) лицензияға қолданыстағы қосымшаның қолданылуы тоқтатыла тұрған не уәкілетті ұйым одан айырылған жағдайда, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиядан және (немесе) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға лицензияға қосымшадан айыру (қолданылуын тоқтата тұру) шешімі Қағидалардың сәйкес нысан бойынша ресімделеді және оны Ұлттық Банктің аумақтық филиалының басшысы бекітеді.»;*

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
- *«5-тарау. Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру жөніндегі қызметке қойылатын талаптар»;*

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«33. Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға айырбастау пунктінің қызметін жүзеге асыру процесінде айырбастау пунктінің (автоматтандырылған айырбастау пунктін қоспағанда) үй-жайына, жабдығына, қызметкерлеріне қойылған, Қағидалардың 11-тармағында белгіленген талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді.»;*

мынадай мазмұндағы 33-1 және 33-2-тармақтармен толықтырылсын:
- *«33-1. Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операциялар қызметін жүзеге асыру үшін уәкілетті ұйым өзінің банк шоттарында және (немесе) айырбастау пунктінің кассасында теңгеде немесе шетел*

*валютасында, сонымен бірге тазартылған құйма алтындағы (бар болса) жарғылық капиталының ең аз мөлшерінің сомасының 100 (бір жүз) пайыздан кем емес ақшаның күнделікті болуын қамтамасыз етеді.*

- *Уәкілетті ұйымның банк шоттарындағы және (немесе) айырбастау пунктінің кассасындағы шетел валютасындағы ақша сомасының баламасын есептеу валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалана отырып жүзеге асырылады.*

- *33-2. Айырбастау пункттердің (автоматтандырылған айырбастау пункттердің) жұмыс режимі теміржол вокзалдарының, казино ғимараттарының ішінде, халықаралық әуежай аэровокзалдар ғимараттарының ішінде және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобильді өткізу пункттерінің аумағында орналасқан айырбастау пункттерді (автоматтандырылған айырбастау пункттерді) қоспағанда қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғамен 9 сағат 00 минуттан бастап 20 сағат 00 минутқа дейін уақыт ішінде дербес анықталады.*

- *1 (бірінші) санаттағы стационарлық сауда орындарында орналасқан айырбастау пункттердің (автоматтандырылған айырбастау пункттердің) жұмыс режимі 9 сағат 00 минуттан бастап 22 сағат 00 минутқа дейін уақыт ішінде қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғамен дербес анықталады.»;*

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- *«35. Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғаның (оның филиалының) бастамасы бойынша айырбастау пунктінің қызметі күнтізбелік 30 (отыз) күннен асатын мерзімге уақытша тоқтатыла тұрған, сондай-ақ айырбастау пунктінің қызметі қайта басталған жағдайда, заңды тұлға (оның филиалы) айырбастау пунктінің қызметін тоқтата тұру немесе қайта бастау туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде бұл туралы айырбастау пункті орналасқан жер бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына көрсетілген шешімнің көшірмесін қоса бере отырып, жазбаша хабарлайды.*

- *Айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғаның (оның филиалының) бастамасы бойынша айырбастау пунктінің қызметін уақытша тоқтата тұру мерзімі қатарынан 12 (он екі) айдан аспауға тиіс.»;*

39-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

- *«1) Банктер туралы заңның 30-бабы 5-тармағының екінші бөлігіне сәйкес лицензияны алу талап етілмеген жағдайларды қоспағанда, қазақ және орыс тілдеріндегі қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияның көшірмесі;»;*

40-тармақтың бірінші бөлігінде:

- *1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:*
- *«1) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға (оның филиалы) басшысының тиісті тұлғаны кассир лшауазымына қабылдау және (немесе) тағайындау туралы бұйрығының көшірмесі;»;*

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
- *«4) айырбастау пункті кассирінің осы қағидалармен танысу туралы белгісі бар, КЖТҚҚ туралы заңның 11-бабының талаптарына сәйкес әзірленген және қабылданған, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғаның ішкі бақылау қағидаларының көшірмесі.»;*
- *6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:*
- *«6-тарау. Айырбастау пункттерінің жұмыс істеу талаптары»;*

43-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
- *«43. Бағамдарды белгілеу туралы өкімді қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғаның (оның филиалының) басшысы немесе осындай өкілеттіктер берілген өзге адам шығарады, онда оның нөмірі, шығарылған күні мен уақыты (сағатпен және минутпен белгіленетін) міндетті түрде көрсетіледі.»;*



44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«44. Бағамдарды белгілеу туралы өкім қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға (оның филиалы) мыналарды көздейтін аппараттық-бағдарламалық кешенді пайдаланған жағдайда, электрондық түрде (бұдан әрі – электрондық өкім) шығарылады:*
- *бағамдарды белгілеу туралы электрондық өкімді айырбастау пункттеріне бір орталықтан жіберу;*
- *электрондық өкімді шығарған адамды идентификаттау мүмкіндігі;*
- *электрондық өкімдерді 3 (үш) жыл бойы сақтау.*
- *Бағамдарды белгілеу туралы қағаз нысандағы өкім айырбастау пункті қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғаның (оның филиалының) орналасқан жерінде болған жағдайда, бір дана етіп шығарылады. Өзге жағдайларда бағамдарды белгілеу туралы өкімнің бір данасы қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғада (оның филиалында) қалады және өкімнің бір-бір данасы осындай өкім шығарылған әрбір айырбастау пунктіне жіберіледі.*
- *Өкімдердің көрсетілген даналары 3 (үш) жыл бойы сақталады.»;*

45-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
- *«Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар бір заңды тұлғаның (оның филиалының) түрлі айырбастау пункттерінде түрлі бағамдар белгілеуге жол беріледі.»;*

51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«51. Айырбастау пункттері арқылы (оның ішінде автоматтандырылған айырбастау пункттері арқылы) айырбастау операциясын жүргізу бағамы бойынша 500 000 (бес жүз мың) теңге баламасынан асатын сомаға айырбастау операциялары бойынша тізілімдер журналында мыналар көрсетіледі:*
- *клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың деректері (тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) (аты, әкесінің аты толық көрсетіледі), құжаттың түрі, берілген күні, құжаттың нөмірі, қолданылу мерзімі);*
- *клиенттің жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса);*
- *клиенттің заңды мекенжайы.*

- *Айырбастау пункттері арқылы (оның ішінде автоматтандырылған айырбастау пункттері арқылы) айырбастау операциясын жүргізу бағамы бойынша 500 000 (бес жүз мың) теңге баламасынан аспайтын сомаға жүргізілген айырбастау операциялар бойынша тізілімдер журналында клиенттің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) және жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса) көрсетіледі.»;*

53-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
- *«Жеке тұлғаға айырбастау пунктінде сатып алу және (немесе) сату бағамдары белгіленген қолма-қол ұлттық немесе қолма-қол шетел валютасының болмауы себебінен айырбастау операциясын жүргізуден бас тартылған жағдайда, айырбастау пунктінің кассирі жеке тұлғаның талап етуі бойынша айырбастау пунктінде жоқ валютаның түрін және сомасын, анықтама берілген күнді және уақытын көрсете отырып, еркін нысандағы анықтаманы береді. Анықтамаға айырбастау пунктінің кассирі қол қояды және қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғаның (оның филиалының) ішкі қағидаларында белгіленген тәртіппен тіркеледі.»;*

56-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«56. Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға шет мемлекеттерінің (мемлекеттер тобының) монеталарын сатып алу, сату және айырбастау операцияларын жүргізу жөніндегі шешімді дербес қабылдайды.»;*

58-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
- *«Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға (оның филиалы) банкноттардың түпнұсқалығын және төлем жасауға қабілеттігін анықтау жөніндегі анықтамалық және ақпараттық материалдарды осы өнім түрін көбейтумен айналысатын тұлғалардан дербес сатып алады.»;*

7 және 8-тараулардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:
- *«7-тарау. Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғамен есептерді ұсыну тәртібі және мерзімдері;*
- *8-тарау. Ұлттық Банк шығарған тазартылған құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату операцияларын жүргізу тәртібі»;*
- *1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;*
- *2-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;*
- *3-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;*

- *4-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;*
- *5-қосымша осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;*
- *6-қосымша осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;*
- *7-қосымша осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;*
- *8-қосымша осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;*

9-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтіні мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел
валютасымен айырбастау операцияларын
жүзеге асыру қағидаларына
9-қосымша»;

- *10-қосымша осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;*
- *11-қосымша осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;*
- *12-қосымша осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;*
- *13-қосымша осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;*

14-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтіні мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел
валютасымен айырбастау операцияларын
жүзеге асыру қағидаларына
14-қосымша»;

- *15-қосымша осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;*
- *16-қосымша осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;*

**2.** Уәкілетті ұйымдар өз қызметін (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18545 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 49 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларының 8-тармағының талаптарына:

- *1) Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларда орналасқандар 2020 жылғы 1 сәуірге дейінгі мерзімде;*
- *2) облыстардың әкімшілік орталықтарында және облыстық маңызы бар қалаларда орналасқандар 2020 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде;*
- *3) өзге жерлерде орналасқандар 2021 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде сәйкес келтіру тиіс.*

**3.** Қолма-қол ақша айналысы департаменті (Қажымұратов Ж.Т.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- *1) Заң департаментімен (Қасенов А.С.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**4.** Сыртқы коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі (Адамбаева А.Р.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**5.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан



Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 14 қаңтарда № 19871 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы 2019 жылғы 31 желтоқсан № 266

### Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға қадағалап ден қою шараларын қолдану қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы, «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, микроқаржылық қызмет және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** Қоса беріліп отырған Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға қадағалап ден қою шараларын қолдану қағидалары бекітілсін.

**2.** Қолма-қол ақша айналысы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**3.** Сыртқы коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

**5.** Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 8 қаңтарда № 19843 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы 2019 жылғы 31 желтоқсан № 267

### Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бухгалтерлік есепті жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес және бухгалтерлік есепті жүргізуді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының бухгалтерлік есепті жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі бекітілсін.

**2.** Бухгалтерлік есеп департаменті (Рахметова С.К.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- *1) Заң департаментімен (Қасенов А.С.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**3.** Сыртқы коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі (Адамбаева Ә.Р.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

**5.** Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 2020 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан



Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 14 қаңтарда № 19872 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы 2019 жылғы 31 желтоқсан № 269

### «Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 201 қаулысына толықтыру енгізу туралы

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** «Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 2014 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8654 болып тіркелген, 2013 жылғы 2 қазанда «Заң газеті» газетінде № 148 (2349) жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

- *көрсетілген қаулымен бекітілген Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын есепке алуды жүргізу қағидалары:*

мынадай мазмұндағы 16-тармақпен толықтырылсын:

- *«16. Міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының талап етілмеген сомаларына жеке сәйкестендіру нөмірі жоқ, сондай-ақ тегінде, атында, әкесінің атында және туған күнінде дұрыс деректемелер көрсетілмеген БЖЗҚ-дағы сәйкестендірілмеген салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы сомалар жатқызылады.*

БЖЗҚ осы Қағидалардың 16-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген салымшыларды (алушыларды) сәйкестендіруді мынадай тәртіппен жүзеге асырады:

- *1) сәйкестендірілмеген салымшылардың (алушылардың) деректемелерін салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ ақпараттық жүйесіндегі деректемелерімен фонетикалық іздеу (айтылуы бойынша ұқсас), сондай-ақ тектерін, аттарын және әкелерінің аттарын қазақ және орыс тілдерінде жазған кезде транслитерация белгісін ескере отырып, салыстырып тексеру жүргізіледі;*
- *2) салымшылардың (алушылардың) деректемелерін (тегі, аты, әкесінің аты, туған күні) деректемелерін «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорымен, оның ішінде жеке сәйкестендіру нөмірінің бар-жоғына салыстырып тексеру жүргізіледі.*

Қате деректемелері бар салымшылар (алушылар) сәйкестендірілген жағдайда, БЖЗҚ оларды «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорына сәйкес келтіреді.».

**2.** Банктік емес ұйымдарды дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

3. Сыртқы коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.А. Біртановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 8 қаңтарда № 19844 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы 2019 жылғы 31 желтоқсан № 270

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясатын іске асыру шеңберінде аукциондар өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 30 шілдедегі № 167 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясатын іске асыру шеңберінде аукциондар өткізу тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясатын іске асыру шеңберінде аукциондар өткізу қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 30 шілдедегі № 167 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17355 болып тіркелген, 2018 жылғы 19 қыркүйекте «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясатын іске асыру шеңберінде аукциондар өткізу қағидаларында:
- *4-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:*
- *«3) депозиттік аукционға қатысу үшін контрәріптеспен депозиттерді (банктік салымдарды) қабылдау туралы және жинақ шотын ашу және жүргізу туралы келісімді (бұдан әрі – Депозиттерді қабылдау туралы келісім) жасайды.»;*

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«7. Депозиттік аукционға қатысу шеңберінде Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын әлеуетті контрәріптес Депозиттерді қабылдау туралы келісім жасасу үшін Ұлттық Банкке мынадай құжаттарды ұсынады:*
- *1) Ұлттық Банк басшылығының атына Депозиттерді қабылдау туралы келісім жасасуға өтінішхатты;*
- *2) контрәріптестің депозиттік аукцион шеңберінде депозиттерді (банктік салымдарды) орналастыру бойынша мәмілелерді жасасуға уәкілетті қызметкерлерінің контрәріптес бекіткен тізімді;*
- *3) жарғы не оның нотариат куәландырған көшірмесі, ал егер контрәріптес өз қызметін үлгі жарғы негізінде жүзеге асыратын жағдайда – үлгі жарғы негізінде қызметті жүзеге асыру фактісін растайтын құжатты;*
- *4) мәміле паспортына қол қоюға уәкілетті контрәріптес қызметкерлерінің қойылған қолдарының үлгілері бар нотариат куәландырған құжатты ұсынады.*

Депозиттік аукционға қатысу шеңберінде Қазақстан Республикасының бейрезиденті әлеуетті контрәріптес Депозиттерді қабылдау туралы келісімді жасасу үшін Ұлттық Банкке мынадай құжаттарды ұсынады:
- *1) Ұлттық Банк басшылығының атына Депозиттерді қабылдау туралы келісімге жасасуға өтінішхаты;*
- *2) құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмесі (шет мемлекеттердің ұлттық (орталық) банктерін қоспағанда);*
- *3) бейрезидент елінің уәкілетті органы берген (шет мемлекеттердің ұлттық (орталық) банктерін қоспағанда) банк операцияларын жүргізуге арналған лицензияның нотариат куәландырған көшірмесі;*
- *4) операциялар жасау кезінде қойылған қолдардың үлгілері бар құжатқа сәйкес төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті адамның (адамдардың) жеке басын куәландыратын құжаттың (құжаттардың) көшірмесі (көшірмелері);*
- *5) Қазақстан Республикасының бейрезидентін Қазақстан Республикасында салық төлеуші ретінде тіркегенін растайтын құжат бар болса, соның көшірмесі;*
- *6) соңғы үш жылдағы шоғырландырылған қаржылық есептілік болған кезде жасайды.* Контрәріптесте Ұлттық Банк пен контрәріптес арасында жасалған қаржы құралдарымен мәмілелерді жасауға Қосылу шарты болған жағдайда, контрәріптестің осы тармақта көзделген құжаттарды Ұлттық Банкке қайталап ұсынуынсыз Депозиттерді қабылдау туралы келісімді жасасуына жол беріледі.»;

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:
- *«7-1. Ұлттық Банк әлеуетті контрәріптес Тәртіптің 7-тармағына сәйкес ұсынған құжаттарды қарайды және ұсынылған құжаттар Тәртіптің 7-тармағына сәйкес келген жағдайда, олар Ұлттық Банкке келіп түскен күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Депозиттерді қабылдау туралы келісімді жасасуға дайын екендігін жазбаша хабарлайды немесе себептерін көрсете отырып бас тарту жібереді.».*

11- тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«11. Аукционға қатысушының Қағидалардың 8-тармағында көзделген талаптарға сәйкестігін уәкілетті бөлімше мыналар:*
- *1) Ұлттық Банктің қаржы нарығының статистикасы бөлімшесі Қағидалардың 8-тармағының 1) тармақшасы бойынша;*
- *2) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган Қағидалардың 8-тармағының 2) тармақшасы бойынша;*
- *3) Ұлттық Банктің операциялық есеп бөлімшесі Қағидалардың 8-тармағының 3) тармақшасы бойынша ұсынған ақпараттың негізінде айқындайды.»;*

43 – тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«43. Аукционға қатысушының Қағидалардың 40-тармағында көзделген талаптарға сәйкестігін уәкілетті бөлімше мыналар:*
- *1) Ұлттық Банктің қаржы нарығының статистикасы бөлімшесі Қағидалардың 40-тармағының 1) тармақшасы бойынша;*
- *2) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган Қағидалардың 40-тармағының 2) тармақшасы бойынша;*
- *3) Ұлттық Банктің операциялық есеп бөлімшесі Қағидалардың 40-тармағының 3) тармақшасы бойынша ұсынған ақпараттың негізінде айқындайды.»;*

75 – тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«75. Орталық депозитарий Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарының әрбір шығарылымына халықаралық сәйкестендіру нөмірін (ISIN коды) береді.»;*

137- тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«137. Депозиттік аукционның нысаны пайыздық мөлшерлеме болып табылады.*

Депозиттік аукцион бойынша сыйақы сомасы қарапайым есептеу әдісі арқылы есептеледі (сыйақыны есептеу депозит тартудың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады), есептеу базасына шартты түрде ақшаның депозитте (банктік салымда) жатқан нақты күндер саны және бір жылдағы 360 (үш жүз алпыс) күн алынады.».

**2.** Монетарлық операциялар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**3.** Сыртқы коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.А. Біртановқа жүктелсін.

**5.** Осы қаулы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 9 қаңтарда № 19855 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы 2019 жылғы 31 желтоқсан № 272

**«Ақпарат берушілердің кредиттік бюроларға ақпарат беру тәртібінің шарттары мен ең төмен талаптарын, Кредиттік тарих субъектілерінің өздері туралы ақпаратты кредиттік бюроларға (мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда) беруге келісімін ресімдеу, кредиттік бюродан кредиттік есепті беруге келісімін ресімдеу қағидаларын, сондай-ақ Кредиттік есепті берудің қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 53 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** «Ақпарат берушілердің кредиттік бюроларға ақпарат беру тәртібінің шарттары мен ең төмен талаптарын, Кредиттік тарих субъектілерінің өздері туралы ақпаратты кредиттік бюроларға (мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда) беруге келісімін ресімдеу, кредиттік бюродан кредиттік есепті беруге келісімін ресімдеу қағидаларын, сондай-ақ Кредиттік есепті берудің қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 53 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15115 болып тіркелген, 2017 жылғы 6 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:



- *Кредиттік тарих субъектілерінің өздері туралы ақпаратты кредиттік бюроларға (мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда) беруге келісімін ресімдеу, кредиттік бюродан кредиттік есепті беруге келісімін ресімдеу қағидалары осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;*
- *Көрсетілген қаулымен бекітілген кредиттік есепті беру қағидаларында және талаптарында:*

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- *«2. Заңның 24-бабында көрсетілген ақпарат қамтылатын кредиттік есепті кредиттік бюро Заңның 29-бабының 1-тармағында көзделген негіздер бойынша оны алуға құқығы бар алушыға осы қаулымен бекітілген Кредиттік тарих субъектілерінің өздері туралы ақпаратты кредиттік бюроларға (мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда) беруге келісімін ресімдеу, кредиттік бюродан кредиттік есепті беруге келісімін ресімдеу қағидаларының 8-тармағына сәйкес ресімделген кредиттік тарих субъектісінің кредиттік бюродан кредиттік есепті беруге келісімі болғанда электрондық немесе қағаз тасымалдағышта береді.».*

**2.** Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**3.** Сыртқы коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

**5.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 15 қаңтарда № 19876 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы 2019 жылғы 31 желтоқсан № 273

**Коллекторлық агенттіктің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің он немесе одан да көп пайызын өзі дербес немесе басқа тұлғамен (тұлғалармен) бірлесіп тікелей немесе жанама иеленетін және (немесе) пайдаланатын және (немесе) оларға билік ететін немесе бақылау жасайтын тұлғалар туралы мәліметтерді коллекторлық агенттіктің ұсыну қағидаларын бекіту туралы**

«Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы және «Коллекторлық қызмет туралы» 2017 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** Қоса беріліп отырған Коллекторлық агенттіктің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің он немесе одан да көп пайызын өзі дербес немесе басқа тұлғамен (тұлғалармен) бірлесіп тікелей немесе жанама иеленетін және (немесе) пайдаланатын және (немесе) оларға билік ететін немесе бақылау жасайтын тұлғалар туралы мәліметтерді коллекторлық агенттіктің ұсыну қағидалары бекітілсін.

**2.** Мыналардың:

- *1) «Коллекторлық агенттіктің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің он немесе одан да көп пайызын өзі дербес немесе басқа тұлғамен (тұлғалармен) бірлесіп тікелей немесе жанама иеленетін және (немесе) пайдаланатын және (немесе) оларға билік ететін немесе бақылау жасайтын тұлғалар туралы мәліметтерді коллекторлық агенттіктің ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 121 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15557 болып тіркелген, 2017 жылғы 5 қыркүйекте Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);*
- *2) «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 30 шілдедегі № 157 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17559 болып тіркелген, 2018 жылғы 22 қазанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі 12-тармағының күші жойылды деп танылсын.*

**3.** Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**4.** Сыртқы коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**5.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.А. Біртановқа жүктелсін.

**6.** Осы қаулы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан





Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 9 қаңтарда № 19851 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы 2019 жылғы 31 желтоқсан № 274

### Есептік тіркеуден өту және коллекторлық агенттіктердің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы

«Коллекторлық қызмет туралы» 2017 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** Қоса беріліп отырған Есептік тіркеуден өту және коллекторлық агенттіктердің тізілімін жүргізу қағидалары бекітілсін.

**2.** Мыналардың:

- *1) «Есептік тіркеуден өту және коллекторлық агенттіктердің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 29 мамырдағы № 92 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15400 болып тіркелген, 2017 жылғы 3 тамызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);*
- *2) «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 30 шілдедегі № 157 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17559 болып тіркелген, 2018 жылғы 22 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі 11-тармағының күші жойылды деп танылсын.*

**3.** Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**4.** Сыртқы коммуникациялар департаменті – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**5.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.А. Біртановқа жүктелсін.

**6.** Осы қаулы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 27 қаңтарда № 19927 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы 2019 жылғы 31 желтоқсан № 275

### Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокері есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы және «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** Мыналар:

- *1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокері есептілігінің тізбесі;*
- *2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес ақша қаражаты және банктік салымдар туралы есептің нысаны;*
- *3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес бағалы қағаздар туралы есептің нысаны;*
- *4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес сақтанушының инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары шеңберінде басқаруға қабылданған активтердің есебінен инвестициялық портфельдің құрылымы туралы есептің нысаны;*
- *5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес сақтанушының инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары шеңберінде басқаруға қабылданған активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есептің нысаны;*
- *6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес сақтанушының инвестицияларға, туынды қаржы құралдарына қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары шеңберінде басқаруға қабылданған активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есептің нысаны;*
- *7) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес сақтанушының үлестес тұлғалармен инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары шеңберінде басқаруға қабылданған активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есептің нысаны;*
- *8) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес исламдық сақтандыру қоры есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есептің нысаны;*
- *9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес кері репо, репо операциялары туралы есептің нысаны;*
- *10) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес сақтанушының инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары туралы есептің нысаны;*
- *11) осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес инвестициялық қордың (инвестициялық портфельдің) акционерлік қоғамдар болып табылмайтын заңды тұлғалардың капиталына инвестициялары туралы есептің нысаны;*
- *12) осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес қайта сақтандырушылардан алынатын сомалар, сақтанушылардан (қайта сақтанушылардан) және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары туралы есептің нысаны;*
- *13) осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес инвестициялық мүлік және негізгі құрал-жабдықтар туралы есептің нысаны;*
- *14) осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес «жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру резервтерін есептеу туралы есептің нысаны;*
- *15) осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес «өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру резервтерін есептеу туралы есептің нысаны;*
- *16) осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес сақтандыру сыйлықақылары туралы есептің нысаны;*
- *17) осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес ірі сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары, сақтандыру төлемдері және ірі мәлімделген талаптар туралы есептің нысаны;*
- *18) осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес сақтандыру төлемдері туралы есептің нысаны;*
- *19) осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес міндеттемелердің көлемі бойынша есептің нысаны;*
- *20) осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аралас коэффициентін есептеу туралы есептің нысаны;*
- *21) осы қаулыға 21-қосымшаға сәйкес полистер бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығындылық коэффициентін есептеу туралы есептің нысаны;*
- *22) осы қаулыға 22-қосымшаға сәйкес қайта сақтандыру қызметі туралы есептің нысаны;*
- *23) осы қаулыға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен жасалған мәмілелер және сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары туралы есептің нысаны;*
- *24) осы қаулыға 24-қосымшаға сәйкес өзге дебиторлық және кредиторлық берешектер туралы есептің нысаны;*
- *25) осы қаулыға 25-қосымшаға сәйкес ұлттық және шетел валюталарындағы активтер мен міндеттемелердің мерзімдерін салыстыру туралы есептің нысаны;*
- *26) осы қаулыға 26-қосымшаға сәйкес баланстан тыс шоттар бойынша қалдықтар туралы есептің нысаны;*
- *27) осы қаулыға 27-қосымшаға сәйкес «жалпы сақтандыру» саласы бойынша қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша есептің нысаны;*
- *28) осы қаулыға 28-қосымшаға сәйкес шығындар бойынша есептің нысаны;*
- *29) осы қаулыға 29-қосымшаға сәйкес сақтандыру төлемдерінің статистикасы бойынша есептің нысаны;*
- *30) осы қаулыға 30-қосымшаға сәйкес «өмірді сақтандыру» саласы бойынша қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша есептің нысаны;*
- *31) осы қаулыға 31-қосымшаға сәйкес қолданыстағы зейнетақы аннуитеті шарттары және аннуитеттік сақтандырудың өзге де түрлері бойынша есептің нысаны;*
- *32) осы қаулыға 32-қосымшаға сәйкес қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шеңберінде жасалған қолданыстағы аннуитет шарттары бойынша есептің нысаны;*
- *33) осы қаулыға 33-қосымшаға сәйкес соңғы 12 (он екі) айда күшіне енген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары туралы есептің нысаны;*
- *34) осы қаулыға 34-қосымшаға сәйкес болжамды төлемдер құны бойынша есептің нысаны;*
- *35) осы қаулыға 35-қосымшаға сәйкес орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін тізбекті саты әдісі бойынша инфляцияға түзетусіз есептеу туралы есептің нысаны;*
- *36) осы қаулыға 36-қосымшаға сәйкес орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін тізбекті саты әдісі бойынша инфляцияға түзетумен есептеу туралы есептің нысаны;*
- *37) осы қаулыға 37-қосымшаға сәйкес орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін Борнхьюттер-Фергюсон әдісімен есептеу туралы есептің нысаны;*
- *38) осы қаулыға 38-қосымшаға сәйкес экономикалық қызмет түрлері бойынша сақтандыру сыйлықақыларын және сақтандыру төлемдерін жіктеу туралы есептің нысаны;*
- *39) осы қаулыға 39-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша сақтандыру шарттары бойынша қабылданған және жүзеге асырылған сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдері туралы есептің нысаны;*
- *40) осы қаулыға 40-қосымшаға сәйкес сақтанушыларға («өмірді сақтандыру» саласындағы қызметті жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін) берілген қарыздар туралы есептің нысаны;*
- *41) осы қаулыға 41-қосымшаға сәйкес қаржы ұйымының басшы қызметкерлеріне төленген кірістер туралы есептің нысаны;*
- *42) осы қаулыға 42-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының сақтандыру брокерлерінің қатысуымен жасалған сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары туралы есептің нысаны;*
- *43) осы қаулыға 43-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы сақтандыру брокерінің үлестес тұлғалары болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезиденттері-сақтандыру брокерлерінің қатысуымен қайта сақтандыру шарттары туралы және Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру брокерінің сақтандыру тәуекелдерін Қазақстан Республикасының бейрезиденттері-қайта сақтандыру ұйымдарының қайта сақтандыруына орналастыру талаптары туралы есептің нысаны;*
- *44) осы қаулыға 44-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру брокерінің есептілікті беру қағидалары бекітілсін.*

**2.** Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта ай сайын осы қаулының 1-тармағының 4), 5), 6), 7), 9), 10) және 11) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде ұсынады.

**3.** Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта:

- *1) ай сайын – осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 12), 14), 15), 16), 17), 18), 19), 22) және 25) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күніне дейінгі мерзімде ұсынады.*
- *Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген есептілікке қосымша осы қаулының 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес есептілікті есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;*
- *2) тоқсан сайын – осы қаулының 1-тармағының 13) және 26) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті тоқсаннан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;*

- *3) тоқсан сайын – осы қаулының 1-тармағының 23), 27), 28), 29), 30), 31), 32), 33), 34), 35), 36) және 37) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оныншы) жұмыс күніне дейінгі мерзімде;*
- *4) жартыжылдықтар бойынша – осы қаулының 1-тармағының 24) тармақшасында көзделген есептілікті есепті жартыжылдықтан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;*
- *5) жыл сайын – осы қаулының 1-тармағының 38), 39) және 40) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті жылдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;*
- *6) жыл сайын – осы қаулының 1-тармағының 41) тармақшасында көзделген есептілікті қаржылық жыл аяқталғаннан кейін күнтізбелік 120 (бір жүз жиырма) күн ішінде ұсынады.*

**4.** Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта:
- *1) ай сайын – осы қаулының 1-тармағының 20) тармақшасында көзделген есептілікті есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;*
- *2) жыл сайын – осы қаулының 1-тармағының 21) тармақшасында көзделген есептілікті есепті жылдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде ұсынады.*

**5.** Сақтандыру брокері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта:
- *1) тоқсан сайын – осы қаулының 1-тармағының 12), 42) және 43) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті тоқсаннан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;*
- *2) жыл сайын – осы қаулының 1-тармағының 41) тармақшасында көзделген есептілікті қаржылық жыл аяқталғаннан кейін күнтізбелік 120 (бір жүз жиырма) күн ішінде ұсынады.*

**6.** Мыналардың:
- *1) «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокері есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 245 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16256 болып тіркелген, 2018 жылғы 30 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);*
- *2) «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокері есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 245 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 30 шілдедегі № 160 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17366 болып тіркелген, 2018 жылғы 27 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.*

**7.** Қаржы нарығының статистикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 8-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**8.** Сыртқы коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**9.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.А. Біртановқа жүктелсін.

**10.** Осы қаулы, осы қаулының 1-тармағының 2020 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 2)-19), 22)-26), 38)-40), 42)-44) тармақшаларын, 2-тармағын, 3-тармағының 1), 2), 4), 5) тармақшаларын, 5-тармағының 1) тармақшасын, 6-тармағын және осы қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокерінің есептілігі тізбесінің 1)-18), 21)-25), 37)-39), 41), 42) тармақшаларын қоспағанда, 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҮБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан





Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 3 наурызда № 20085 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы 2020 жылғы 24 ақпан № 13

### «Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын аффинирленген алтын құймалары етіп аффинаждауға беру және оларды аффинаждалғаннан кейін алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 29 ақпандағы № 81 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Бағалы металдар мен асыл тастар туралы» 2016 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** «Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын аффинирленген алтын құймалары етіп аффинаждауға беру және оларды аффинаждалғаннан кейін алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 29 ақпандағы № 81 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13598 болып тіркелген, 2016 жылғы 29 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын аффинирленген алтын құймалары етіп аффинаждауға беру және оларды аффинаждалғаннан кейін алу қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
- *«1-тарау. Жалпы ережелер»;*

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
- *«2-тарау. Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар»;*

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
- *«3-тарау. Бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын аффинирленген алтын құймалары етіп аффинаждауға беру»;* 5-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын: «Ұлттық Банк бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарының келісілген көлемін Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17374 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына сәйкес айқындалған, бағалы металдарды аффинаждауды жүзеге асыратын бағалы металдарды өндіру субъектісіне аффинаждау жұмыстарын орындау туралы шарттың негізінде аффинирленген алтын құймалары етіп аффинаждауға тапсырады.»;

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
- *«4-тарау. Бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтары аффинаждалғаннан кейін аффинирленген алтынды алу және аффинирленген алтын құймаларын Ұлттық Банктің бағалы металдардағы активтеріне есепке алу».*

**2.** Қолма-қол ақша айналысы департаменті (Қажымұратов Ж.Т.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *1) Заң департаментімен (Қасенов А.С.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*

- *2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастырыды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**3.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі (Адамбаева Ә.Р.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

**5.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 27 ақпанда № 20075 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ. 2020 жылғы 24 ақпан № 14

**Екінші деңгейдегі банктерінің, Ұлттық пошта операторының, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** Қоса беріліп отырған екінші деңгейдегі банктерінің, Ұлттық пошта операторының, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.

**2.** Мыналардың:
- *1) «Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 250 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8080 болып тіркелген, 2012 жылғы 27 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» газетінде № 852-856 (27927) жарияланған);*
- *2) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды есепке алу, сақтау, тасымалдау және инкассациялау мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 қаңтардағы № 18 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18297 болып тіркелген, 2019 жылғы 25 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) 1-тармағының күші жойылды деп танылсын.*

**3.** Қолма-қол ақша айналысы департаменті (Қажымұратов Ж.Т.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *1) Заң департаментімен (Қасенов А.С.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**4.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің баспасөз қызметі (Адамбаева Ә.Р.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**5.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

**6.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 1 сәуірде № 20259 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ. 2020 жылғы 19 наурыз № 24

**«Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында сұраныс пен ұсыныс көздерін мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 294 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі, «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы, «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, микроқаржылық қызмет және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** «Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында сұраныс пен ұсыныс көздерін мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 294 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18214 болып тіркелген, 2019 жылғы 29 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық

актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
- *көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында сұраныс пен ұсыныс көздерін мониторингтеу қағидаларында:*

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«2. Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында сұраныс пен ұсыныс көздерін және сатып алынған шетел валютасын пайдалану мақсаттарын мониторингтеу екінші деңгейдегі банктердің, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының, «Қазпочта» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – банктер), шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензиясы бар, банктер болып табылмайтын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың (бұдан әрі – кәсіби қатысушылар) және олардың клиенттерінің ішкі валюта нарығындағы операциялары, клиенттердің банктік шоттары бойынша ақша қозғалысы және шетел валютасындағы банктік шотты ашпай және (немесе) пайдаланбай жүргізілген аударымдар туралы ақпаратты жинау арқылы жүзеге асырылады.»;*

6-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
- *«5) Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан бойынша шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензиясы бар, банк болып табылмайтын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының шетел валютасын сатып алуы (сатуы) туралы есеп;»;*

1-қосымшада:
- *Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Клиенттердің банктік шоттары және банктік шотты ашпай және (немесе) пайдаланбай жүргізілген аударымдар бойынша шетел валютасындағы ақша қозғалысы туралы жиынтық есеп» нысанын толтыру жөніндегі түсіндірмеде:*

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«2. 1-нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 28) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;*

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«6. Есепті қалыптастыру мақсатында шетел валютасындағы активтер Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 болып тіркелген «Валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысымен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығымен айқындалған валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеліп көрсетіледі.»;*

мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:
- *«8. 1-нысанға деректерді түзету (өзгерістер, толықтырулар) Нысанды ұсыну үшін белгіленген мерзімнен кейін 2 (екі) ай ішінде енгізіледі.»;*

2-қосымшада:
- *Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Банктің және оның клиенттерінің шетел валютасын сатып алуы (сатуы) туралы есеп» нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:*

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«2. 2-нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 28) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;*

4-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
- *«Есепті қалыптастыру мақсатында шетел валютасындағы активтер Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 болып тіркелген «Валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысымен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығымен айқындалған валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеліп көрсетіледі.»;*

мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:
- *«9. 2-нысанға деректерді түзету (өзгерістер, толықтырулар) Нысанды ұсыну үшін белгіленген мерзімнен кейін 2 (екі) ай ішінде енгізіледі.»;*



3-қосымшада:
- *«Клиенттердің шетел валютасындағы банктік шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірмеде:*

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«2. 3-нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 28) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;*

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:
- *«7. 3-нысанға деректерді түзету (өзгерістер, толықтырулар) Нысанды ұсыну үшін белгіленген мерзімнен кейін 2 (екі) ай ішінде енгізіледі.»;*

4-қосымшада:
- *«Банк клиенттерінің шетел валютасының ірі көлемдерін сатып алу операциялары туралы есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірмеде:*

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«2. 4-нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 28) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;*

5-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
- *«Есепті қалыптастыру мақсатында шетел валютасындағы активтер Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 болып тіркелген «Валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысымен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығымен айқындалған валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеліп көрсетіледі.»;*

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

*«7. 4-нысанға деректерді түзету (өзгерістер, толықтырулар) Нысанды ұсыну үшін белгіленген мерзімнен кейін 2 (екі) ай ішінде енгізіледі.»;*

5-қосымшада:
- *тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:*
- *«Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензиясы бар, банк болып табылмайтын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының шетел валютасын сатып алуы (сатуы) туралы есеп» нысаны»;*
- *Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме «Шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензиясы бар, банк болып табылмайтын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының шетел валютасын сатып алуы (сатуы) туралы есепте»:*

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
- *Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензиясы бар, банк болып табылмайтын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының шетел валютасын сатып алуы (сатуы) туралы есеп» нысанын толтыру бойынша түсіндірме»;*

1, 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- *«1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған «Шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензиясы бар, банк болып табылмайтын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының шетел валютасын сатып алуы (сатуы) туралы есеп» нысанын (бұдан әрі – 5-нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.*

**2.** 5-нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 28) тармақшасына сәйкес әзірленді.

**3.** 5-нысанда шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензиясы бар, банк болып табылмайтын кәсіби қатысушы (бұдан әрі – кәсіби қатысушы) шетел валютасын сатып алу және сату көлемін (1-бөлім. «Кәсіби қатысушының операциялары») және шетел валютасын сатып алу және сату операцияларын жүзеге асырған клиенттер санын (2-бөлім. «Шетел валютасымен операциялар жүзеге асырған клиенттер саны») көрсетеді.»;

4-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

- *«Есепті қалыптастыру мақсатында шетел валютасындағы активтер Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 болып тіркелген «Валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысымен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығымен айқындалған валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеліп көрсетіледі.»;*

мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

- *«9. 5-нысанға деректерді түзету (өзгерістер, толықтырулар) Нысанды ұсыну үшін белгіленген мерзімнен кейін 2 (екі) ай ішінде енгізіледі.»;*

6-қосымшада:

- *Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме «Қолма-қол шетел валютасының қозғалысы туралы есепте»:*

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- *«2. 16-РВ нысаны «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 28) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;*

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- *«8. 16-РВ нысанына деректерді түзету (өзгерістер, толықтырулар) Нысанды ұсыну үшін белгіленген мерзімнен кейін 2 (екі) ай ішінде енгізіледі.».*

**4.** Төлем балансы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**5.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**6.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**7.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан



Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2019 жылғы 21 наурызда № 20155 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ. 2020 жылғы 19 наурыз № 25

### «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 40 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 және «Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» және Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 286 Жарлықтарына сәйкес, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы, «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, микроқаржылық қызмет және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 40 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18512 болып тіркелген, 2019 жылғы 22 сәуірде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

- *көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларында:*
- *19, 20, 21, 22 және 23-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:*
- *«19. Резидент-заңды тұлғалар (уәкілетті банктерді қоспағанда) шетел валютасындағы міндеттемелерді орындауға байланысты емес мақсаттарға бір уәкілетті банктен бір операциялық күні ұлттық валютаға қолма-қол ақшасыз шетел валютасын баламасында елу мың АҚШ долларынан аспайтын сомаға сатып алады.*

Шетел валютасындағы міндеттемелерді орындауға байланысты емес мақсаттарға шетел валютасын шетел банктеріндегі меншікті шоттарға аудару, шетел валютасындағы өтеусіз ақша аударымдары, сондай-ақ шетел валютасын уәкілетті банктердегі шоттарға орналастыру жатады.

20. Резидент-заңды тұлға (уәкілетті банкті қоспағанда) баламасы елу мың АҚШ долларынан асатын сомаға қолма-қол ақшасыз шетел валютасын ұлттық валютамен сатып алуға өтінімді ресімдеу кезінде сатып алу мақсатын көрсетеді, сондай-ақ өтінімге валюталық шарттың көшірмесін және шотты не орындау үшін шетел валютасы сатып алынатын өзге ақы төлеу құжатын қоса береді. Бұл ретте қолма-қол ақшасыз шетел валютасын ұлттық валютамен сатып алуға өтінімге резидент-заңды тұлға (уәкілетті банкті қоспағанда) оны пайдаланбаған жағдайда, осы резидент-заңды тұлғамен оның акционерлері, құрылтайшылары, қатысушылары арасында бөлінетін таза кірісті немесе оның бөлігін төлеу мақсатына сатып алынған шетел валютасынан басқа, сол валютаны ұлттық валютаға он жұмыс күні ішінде үшкүндік мерзімде сатуға уәкілетті банкке нұсқауын қоса береді.

Егер валюталық шартқа есептік нөмірді алу талабы қолданылатын болса, онда есептік нөмір тағайындау туралы белгімен немесе тіркеу куәлігінің көшірмесімен, немесе хабарлама туралы куәліктің көшірмесімен бірге валюталық шарттың көшірмесі ұсынылады.

Уәкілетті ұйымдардың уәкілетті банктен ұлттық валютаға қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алуы қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған қолданыстағы лицензия және оған қолданыстағы қосымшаның (қолданыстағы қосымшалардың) негізінде жүзеге асырылады.

21. Резидент заңды тұлғаның (уәкілетті банкті қоспағанда) баламасы елу мың АҚШ долларынан асатын сомаға қолма-қол ақшасыз шетел валютасын ұлттық валютамен сатып алуға өтінімді орындау кезінде уәкілетті банк өтінімде көрсетілген шетел валютасын сатып алу мақсатын және сомасын растайтын валюталық шартпен және шотпен не шетел валютасын сатып алу мақсатын және сомасын растайтын өзге ақы төлеу құжатымен, сондай-ақ осы валюталық шарт негізінде шетел валютасын ұлттық валютаға сатып алу қағидаларына сәйкес бұрын жүзеге асырылған қолда бар мәліметтермен салыстырып тексерді.

Резидент-заңды тұлғаның өтінімдері негізінде есептелген бір валюталық шарт бойынша қолма-қол ақшасыз шетел валютасын ұлттық валютаға сатып алудың жалпы сомасының валюталық шарт сомасынан асып кетуіне жол берілмейді.

22. Резидент-заңды тұлға ол бойынша қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алынған бұрын ресімделген өтінімге Қағидалардың 20-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес ресімделген қосымша өтінімді уәкілетті банкке ұсынған кезде, Қағидалардың 19 және 20-тармақтарына сәйкес сатып алынған қолма-қол ақшасыз шетел валютасын басқа валюталық шарт бойынша шетел валютасындағы міндеттемелерді орындауға байланысты өзге де мақсаттарға пайдалануға рұқсат етіледі.

23. Уәкілетті банк резидент-заңды тұлғаның Қағидалардың 19, 20 және 22-тармақтарына сәйкес ресімделген қолма-қол ақшасыз шетел валютасын ұлттық валютамен сатып алуға өтінімін, сондай-ақ егер:
- *бір валюталық шарт бойынша резидент-заңды тұлғаның өтінімі негізінде есептелген қолма-қол ақшасыз шетел валютасын ұлттық валютамен сатып алу сомасы осындай валюталық шарттың және шоттың немесе төлемге өзге құжаттың сомасынан асып кетсе;*
- *бір резидент-заңды тұлға бір уәкілетті банк арқылы резидент-заңды тұлғаның өтінімі негізінде есептелген шетел валютасындағы міндеттемелерді орындауға байланысты емес мақсаттарға бір операция күні ұлттық валютаға қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу сомасы баламасы елу мың АҚШ долларынан асып кетсе орындауға қабылдамайды.».*

**2.** Төлем балансы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**3.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**5.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан





Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 31 наурызда № 20243 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ. 2020 жылғы 19 наурыз № 29

### Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сыртқы басқарушыларды таңдау қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сыртқы басқарушыларды таңдау қағидалары бекітілсін.

**2.** «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сыртқы басқарушыларды таңдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 126 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13915 болып тіркелген, 2016 жылғы 30 шілдеде Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

**3.** Монетарлық операциялар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**4.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**5.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**6.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 31 наурызда № 20249 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ. 2020 жылғы 19 наурыз № 30

### Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лтынвалюта активтерінің бір бөлігін сыртқы басқаруға беру қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтынвалюта активтерін басқару тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтынвалюта активтерінің бір бөлігін сыртқы басқаруға беру қағидалары бекітілсін.

**2.** Мынадай:

- *1) «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтынвалюта активтерінің бір бөлігін сыртқы басқаруға беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 17 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13225 болып тіркелген, 2016 жылғы 5 наурызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);*
- *2) «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтынвалюта активтерінің бір бөлігін сыртқы басқаруға беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 17 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 8 тамыздағы № 174 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14253 болып тіркелген, 2016 жылғы 7 қазанда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.*

**3.** 3. Монетарлық операциялар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**4.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**5.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**6.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан



Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 19 наурызда № 20146 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ. 2020 жылғы 19 наурыз № 33

### Айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын теңгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін белгілеу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285, «Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» 2020 жылғы 16 наурыздағы № 286 Жарлықтарына және «Айырбастау пунктері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын теңгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін белгілеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2009 жылғы 24 тамыздағы № 78 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** Уәкілетті банктердің және уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттері (бұдан әрі – айырбастау пункттері) арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын теңгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектері:

- *1) АҚШ доллары үшін – 6 теңге,*
- *2) еуро үшін – 7 теңге болып белгіленсін.*

**2.** Қолма-қол ақша айналысы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- *Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**3.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**5.** Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және Қазақстан Республикасының аумағында енгізілген төтенше жағдайдың қолданылу мерзімі ішінде қолданыста болады.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 26 наурызда № 20168 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ. 2020 жылғы 19 наурыз № 34

**Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу және «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 қаулысының кейбір құрылымдық элементтерінің қолданылуын тоқтата тұру туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы, «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы, «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі, «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

**2.** «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15863 болып тіркелген, 2017 жылғы 20 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) 1-тармағы 6) және 10) тармақшаларының қолданылуы 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын.

**3.** Қаржы нарығының статистикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**4.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**5.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**6.** Осы қаулы, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 3-тармағының алтыншы және он бесінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан





Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 31 наурызда № 20202 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ. 2020 жылғы 19 наурыз № 35

**«Төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 215 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 25 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** «Төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 215 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14347 болып тіркелген, 2016 жылғы 3 қарашада Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:
«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы, «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру тәртібін белгілеу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:»;**

көрсетілген қаулымен бекітілген Төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- *«1. Осы Төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы, «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленген және төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.*

Төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру тәртібі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде (бұдан әрі – Ұлттық Банк) төлем ұйымдарының есептік тіркелуін, Ұлттық Банктің төлем ұйымдарының тізілімін (бұдан әрі – тізілім) жүргізуін, төлем ұйымдарының төлем қызметтерін көрсетуін және төлем ұйымдарының филиалдарды ашу туралы хабарлауын қамтиды.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- *«4. Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өту үшін төлем ұйымы Ұлттық Банкке Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қағаз тасымалдағышта немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы ұсынады.»;*
- *5, 6, 8 және 9-тармақтар алып тасталсын;*

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- *«10. Ұлттық Банк төлем ұйымының өтінішін қарайды және Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 16-бабы 2-тармағының 2), 3) және 7) тармақшаларында көзделген құжаттарды ұсынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде ол бойынша шешім қабылдайды.*

- *Төлем ұйымы Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 17-бабының 2-тармағында көзделген жағдайда өтінішті қайта ұсынған кезде Ұлттық Банк осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген мерзімде өтінішті қарайды.»;*

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«12. Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 16-бабы 2-тармағының 2), 3) және 7) тармақшаларында көзделген құжаттарға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізген жағдайда, төлем ұйымы осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде өзгертілген және (немесе) толықтырылған құжаттарды Ұлттық Банкке ұсынады.»;*

12-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«12-1. Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өткен төлем ұйымы көрсетілетін төлем қызметтерінің тізбесіне қосымша төлем қызметтерін қосу қажет болған жағдайда, осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде көрсету жоспарланып отырған төлем қызметтері ескеріле отырып енгізілген өзгерістері және (немесе) толықтырулары бар Төлемдер және төлем жүйелері туралы Заңның 16-бабы 2-тармағының 3) және 7) тармақшаларында көзделген құжаттарды Ұлттық Банкке ұсынады.»;*
- *13-тармақ алып тасталсын;*

мынадай мазмұндағы 2-1-тараумен толықтырылсын:
- *«2-1-тарау. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдарының тізіліміне енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – есептік тіркеу бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібі*
- *15-1. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаты, нысаны, мазмұны және нәтижелері қамтылған есептік тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі, сондай-ақ есептік тіркеу бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет ерекшеліктері есепке алынған өзге де мәліметтер Қағидаларға 2-қосымшада белгіленген.*

Өтінішке Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 16-бабы 2-тармағының 2), 3) және 7) тармақшаларында көзделген құжаттар қоса беріледі.

15-2. Ұлттық Банктің хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті қызметкері өтініш түскен күні оны қабылдайды, тіркейді және есептік тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты бөлімшеге (бұдан әрі – жауапты бөлімше) орындауға жібереді. Өтініш жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері келіп түскен жағдайда, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Төлем ұйымы өтінішті «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жіберген кезде жеке кабинетте нәтиже алған күні мен уақыты көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрату қабылданғаны туралы мәртебесі автоматты түрде көрсетіледі.

Ұлттық Банк «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден төлем ұйымы басшысының жеке басын куәландыратын құжат туралы және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді алады.

15-3. Жауапты бөлімшенің қызметкері өтініш тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі белгіленген жағдайда, жауапты бөлімше өтініш тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша дәлелді бас тартуды дайындайды және жібереді.

15-4. Ұсынылған құжаттардың толық болу фактісі белгіленген жағдайда, жауапты бөлімше өтініш тіркелген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде құжаттарды Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды, Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес төлем ұйымының төлем қызметтерін көрсетуге рұқсат (құқық) беру үшін есептік тіркеуден өтуі туралы хабарламаның (бұдан әрі – хабарлама) жобасын немесе дәлелді бас тартудың жобасын дайындайды.

Жауапты бөлімшенің басшысы екі жұмыс күні ішінде хабарламаны не дәлелді бас тартуды келіседі және қол қояды.

Жауапты бөлімшенің басшысы хабарламаны не дәлелді бас тартуды келіскеннен кейін және қол қойған соң жауапты бөлімшенің қызметкері шешім қабылдайтын күні төлем ұйымын төлем ұйымдарының тізіліміне енгізуді (хабарламаға қол қойылғаннан кейін) жүзеге асырады, төлем ұйымына есептік тіркеу бойынша көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесін жібереді.

«Электрондық үкімет» веб-порталында есептік тіркеу бойынша көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесі уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында төлем ұйымының жеке кабинетіне жіберіледі.

15-5. Есептік тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсету кезеңі туралы ақпарат мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесінде автоматты түрде жаңартылады.»;

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«17. Ұлттық Банк төлем ұйымын есептік тіркеу туралы шешім қабылдаған кезде Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 16-бабы 2-тармағының 2), 3) және 7) тармақшаларында көзделген құжаттардың толық топтамасын ұсынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде:*
- *1) төлем ұйымына тіркеу нөмірін береді және тізілімде Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазба жасайды;*
- *2) төлем ұйымына тіркеу нөмірін көрсете отырып, төлем ұйымы есептік тіркеуден өткені туралы төлем ұйымына жазбаша нысанда хабарлама жібереді.»;*

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«18. Ұлттық Банк төлем ұйымын есептік тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 16-бабы 2-тармағының 2), 3) және 7) тармақшаларында көзделген құжаттардың толық топтамасын ұсынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бас тарту себептерін көрсете отырып, төлем ұйымына есептік тіркеуден дәлелді бас тартуды жібереді.»;*

мынадай мазмұндағы 3-1-тараумен толықтырылсын:
- *«3-1-тарау. «Төлем ұйымдарын ерікті түрде қайта ұйымдастыруды жүргізуге келісім беру» мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – ерікті түрде қайта ұйымдастыру бойынша мемлекеттік қызмет) тәртібі*

23-1. Төлем ұйымын ерікті түрде қайта ұйымдастыруды жүргізуге келісім беру төлем ұйымы Ұлттық Банкке қағаз тасымалдағышта немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы ерікті түрде қайта ұйымдастыру туралы шешімді берген кезде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаты, нысаны, мазмұны және нәтижесі қамтылған ерікті түрде қайта ұйымдастыру жөніндегі мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі, сондай-ақ ерікті түрде қайта ұйымдастыру жөніндегі мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері есепке алынған өзге де мәліметтер Қағидаларға 5-қосымшада белгіленген.

Шешімге Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 20-бабы 2-тармағының 2), 4), 5) және 7) тармақшаларында көзделген құжаттар қоса беріледі.

23-2. Ұлттық Банктің хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті қызметкері құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдайды, тіркейді және ерікті түрде қайта ұйымдастыру бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге жауапты бөлімшеге (бұдан әрі – жауапты бөлімше) орындауға жібереді. Құжаттар жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері келіп түскен жағдайда, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес құжаттарды қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Төлем ұйымы өтінішті портал арқылы жіберген кезде жеке кабинетте нәтиже алған күні мен уақыты көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау қабылданғаны туралы мәртебесі автоматты түрде көрсетіледі.

23-3. Жауапты бөлімшенің қызметкері құжаттар тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде олардың толықтығын тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі белгіленген жағдайда, жауапты бөлімше өтініш тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша дәлелді бас тартуды дайындайды және жібереді.

23-4. Ұсынылған құжаттардың толық болу фактісі белгіленген жағдайда жауапты бөлімше құжаттар тіркелген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде құжаттарды Қазақстан Республикасы заңнамасының та-

лаптарына сәйкес келуі тұрғысынан қарастырады, ерікті түрде қайта ұйымдастыруды жүргізуге келісім беру туралы хабарламаның (бұдан әрі – хабарлама) немесе дәлелді бас тартудың жобасын дайындайды.

Жауапты бөлімшенің басшысы екі жұмыс күні ішінде хабарламаны не дәлелді бас тартуды келіседі және оған қол қояды.

Жауапты бөлімшенің басшысы хабарламаны не дәлелді бас тартуды келіскеннен кейін және оған қол қойған соң жауапты бөлімшенің қызметкері шешім қабылдайтын күні төлем ұйымына ерікті түрде қайта ұйымдастыру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін жібереді.

«Электрондық үкімет» веб-порталында ерікті түрде қайта ұйымдастыру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелері уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында төлем ұйымының жеке кабинетіне жіберіледі.

23-5. Ерікті түрде қайта ұйымдастыру бойынша мемлекеттік қызмет көрсету кезеңі туралы ақпарат мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесінде автоматты түрде жаңартылады.»;

мынадай мазмұндағы 3-2-тараумен толықтырылсын:
- *«3-2-тарау. Ұлттық Банктің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі*
- *23-6. Ұлттық Банктің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану Ұлттық Банк басшысының атына жазбаша түрде жүргізіледі.*

Төлем ұйымының шағымында оның атауы, пошталық мекенжайы, шағымның шығыс нөмірі мен берілген күні көрсетіледі.

Шағымға төлем ұйымы қол қояды.

Ұлттық Банктің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орны көрсетіле отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Төлем ұйымының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі бойынша Ұлттық Банктің атына келіп түскен шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралады.

Төлем ұйымы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Төлем ұйымының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

23-7. Төлем ұйымы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.»;

1, 2, 3, 4 және 5-қосымша осы қаулыға 1, 2, 3, 4 және 5-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

**6.** Төлем жүйелері департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**7.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**8.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**9.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 1 сәуірде № 20257 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ. 2020 жылғы 31 наурыз № 42

**«Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 Жарлығымен енгізілген төтенше жағдай кезеңінде есептіліктің жекелеген түрлерін ұсыну мерзімдерін ұзарту және «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бухгалтерлік есепті жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 267 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 және «Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» 2020 жылғы 16 наурыздағы № 286 Жарлықтарына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында COVID-19 коронавирусының таралуын болдырмау шараларын күшейту мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 Жарлығымен енгізілген төтенше жағдай қолданылу кезеңінде осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша есептіліктің жекелеген түрлерін ұсыну мерзімдері ұзартылсын.

**2.** «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бухгалтерлік есепті жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 267 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19843 болып тіркелген, 2020 жылғы 13 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«5. Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 2020 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.».*

**3.** Қаржы нарығының статистикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*

- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**4.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы қабылданғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды және оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**5.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**6.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 Жарлығымен енгізілген төтенше жағдай қолданылу кезеңінде туындаған қатынастарға қолданылады.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 13 сәуірде № 20378 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ. 2020 жылғы 3 сәуір № 43

**«Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға лицензия беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 8 қарашадағы № 176 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 25 қарашадағы Қазақстан Республикасының заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

**1.** «Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға лицензия беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 8 қарашадағы № 176 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19612 болып тіркелген, 2019 жылғы 25 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

- *көрсетілген қаулымен бекітілген банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға лицензия беру қағидаларында:*

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- *«1. Осы банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға лицензия беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы (бұдан әрі – Ұлттық Банк туралы заң), «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы (бұдан әрі – Банктер және банк қызметі туралы заң), «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы (бұдан әрі – Рұқсаттар және хабарламалар туралы заң), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға (бұдан әрі – заңды тұлға) банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауға лицензия беру тәртібін айқындайды.*

Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңда, Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңда, «Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңында және «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына көрсетілген мәндерінде қолданылады.»;

мынадай мазмұндағы 3 және 4-тарауларымен толықтырылсын:

- *«3-тарау. «Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібі*

12. Көрсету процесінің сипаты, нысаны, мазмұны мен нәтижесі қамтылатын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескерілген өзге мәліметтер Қағидаларға 1-1-қосымшада белгіленген.

13. Ұлттық Банктің хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті қызметкері өтініш келіп түскен күні оны қабылдайды, тіркейді және мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге жауапты бөлімшеге (бұдан әрі – жауапты бөлімше) орындауға жібереді. Өтініш жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері түскен кезде 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Өтініш беруші өтінішті «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жіберген кезде жеке кабинетте нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып сұрау салудың мемлекеттік қызмет көрсетуге қабылданғаны туралы мәртебесі автоматты түрде көрсетіледі.

14. Жауапты бөлімшенің қызметкері өтініш тіркелген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі белгіленген жағдайда, жауапты бөлімше өтініш тіркелген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша дәлелді бас тартуды дайындайды және жібереді.

15. Ұсынылған құжаттардың толық болу фактісі белгіленген жағдайда, жауапты бөлімше өтініш тіркелген күннен бастап 17 (он жеті) жұмыс күні ішінде құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тексереді, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауға лицензияның (бұдан әрі – лицензия) не дәлелді бас тартудың жобасын дайындайды.

Ұлттық Банктің басшылығы 3 (үш) жұмыс күні ішінде лицензияны не дәлелді бас тартуды келіседі және қол қояды.

Ұлттық Банктің басшылығы лицензияны не дәлелді бас тартуды келіскеннен кейін және қол қойған соң жауапты бөлімшенің қызметкері шешім қабылданған күні өтініш берушіге көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесін жібереді.

«Электрондық үкіметтің» веб-порталында көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесі өтініш берушіге уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында жеке кабинетіне жіберіледі.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету кезеңі туралы ақпарат мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесінде автоматты режимде жаңартылады.

4-тарау. Ұлттық Банктің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

17. Ұлттық Банктің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану Ұлттық Банк басшысының атына жазбаша түрде жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымында оның атауы, пошталық мекенжайы, шағымның шығыс нөмірі және берілген күні көрсетіледі.

Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Ұлттық Банктің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері бойынша Ұлттық Банктің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеу күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

18. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.»;

осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда 1-1-қосымшамен толықтырылсын.

**2.** Қолма-қол ақша айналысы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**3.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**5.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҮБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан



Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 27 сәуірде № 20494 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ. 2020 жылғы 21 сәуір № 50

### Заңды тұлғалардың банктік шоттардан күнтізбелік ай ішінде қолма-қол ақшаны алу сомасының шекті мөлшері және банктік шоттардан қолма-қол ақшаны алу жөніндегі талап қолданылмайтын заңды тұлғалардың санаттары туралы

«Экономиканы тұрақтандырудың кейбір шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 308 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** Заңды тұлғалардың банктік шоттардан күнтізбелік ай ішінде қолма-қол ақшаны алуы:
- *1) егер заңды тұлға шағын кәсіпкерлік субъектісі болған жағдайда – 20 000 000 (жиырма миллион) теңгеден;*
- *2) егер заңды тұлға орта кәсіпкерлік субъектісі болған жағдайда – 120 000 000 (бір жүз жиырма миллион) теңгеден;*
- *3) егер заңды тұлға ірі кәсіпкерлік субъектісі болған жағдайда – 150 000 000 (бір жүз елу миллион) теңгеден аспайтын сомалар мөлшерінде жүзеге асырылатыны айқындалсын.*

**2.** Осы қаулының 1-тармағында белгіленген заңды тұлғалардың банктік шоттардан күнтізбелік ай ішінде қолма-қол ақшаны алуға рұқсат етілетін сомалардың мөлшері заңды тұлғалардың мынадай санаттарына:
- *1) микрокәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қатысты;*
- *2) ауылшаруашылық азық-түлік өнімін, акваөсіру (балық аулау) өнімін сатып алуды жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қатысты;*
- *3) осы қаулыға қосымшаға сәйкес экономикалық қызмет түрлерімен тамақ өнімдерін, сусындарды, сондай-ақ фармацевтикалық, медициналық және ортопедиялық тауарларды бөлшек саудада сату субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қатысты;*
- *4) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған корреспонденттік шоттардан олардың қолма-қол ақшаны алуы кезінде екінші деңгейдегі банктерге және Ұлттық пошта операторына және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қатысты қолданылмайтыны айқындалсын.*

**3.** Қолма-қол ақша айналысы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**4.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін екі жұмыс күні ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**5.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**6.** Осы қаулы 2020 жылғы 1 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҮБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 30 сәуірде № 20544 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ. 2020 жылғы 21 сәуір № 51

### Заңды тұлғалардың банктік шоттардан қолма-қол ақшаны алу, белгіленген шекті мөлшерден артық қолма-қол ақшаны алу және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне заңды тұлғалардың белгіленген шекті мөлшерден артық қолма-қол ақшаны алуы туралы ақпаратты ұсыну тәртібі туралы

«Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына және «Экономиканы тұрақтандырудың кейбір шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 308 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармалары ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Қазақстан Республикасының Қаржы министрі **БҰЙЫРАДЫ:**

**1.** Заңды тұлғалардың банктік шоттардан қолма-қол ақшаны алуының, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20494 болып тіркелген «Заңды тұлғалардың банктік шоттардан күнтізбелік ай ішінде қолма-қол ақшаны алу сомасының шекті мөлшері және банктік шоттардан қолма-қол ақшаны алу жөніндегі талап қолданылмайтын заңды тұлғалардың санаттары туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 50 қаулысына (бұдан әрі – № 50 қаулы) сәйкес белгіленген шекті мөлшерден артық қолма-қол ақшаны алуының және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне заңды тұлғалардың белгіленген шекті мөлшерден артық қолма-қол ақшаны алуы туралы ақпаратты ұсынудың мынадай тәртібі айқындалсын:

- *1) заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын қаржы ұйымының бір клиентінің банктік шоттардан қолма-қол ақшаны алуға арналған өтінімдері ағымдағы күнтізбелік ай ішінде № 50 қаулыға сәйкес белгіленген мөлшерден аспайтын сомаға, оның ішінде ағымдағы күнтізбелік айда бұрын орындауға қабылданған банктік шоттардан қолма-қол ақшаны алуға арналған өтінімнің (өтінімдердің) сомасын ескере отырып орындалады;*
- *2) санаттары № 50 қаулыда айқындалған, банктік шоттардан қолма-қол ақшаны алудың шекті мөлшері жөніндегі талап қолданылмайтын заңды тұлғаларды қоспағанда, күнтізбелік ай ішінде заңды тұлғалардың банктік шоттардан қолма-қол ақшаны алуға рұқсат етілетін сома мөлшерін арттыруға жиынтығында мына талаптарды сақтаған кезде рұқсат беріледі:*
- *банктік шоттан қолма-қол ақшаны алу мақсатын растайтын құжаттардың болуы;*
- *заңды тұлғаның Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне және (немесе) оның аумақтық бөлімшелеріне (бұдан әрі – мемлекеттік кірістер органы) деректерді беруге келісімді ұсынуы;*
- *заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын қаржы ұйымының мемлекеттік кірістер органынан белгіленген шекті мөлшерден асатын қолма-қол ақшаны беруден бас тарту үшін негіздердің жоқтығы туралы мәліметтер алуы;*
- *3) заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын қаржы ұйымы қолма-қол ақшаны алуға өтінім берілген күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмеген мерзімде мемлекеттік кірістер органына заңды тұлғаның банктік шоттан қолма-қол ақшаны алу мақсатын растайтын құжаттарды және банктік шоттан қолма-қол ақшаны алуға өтінім берген заңды тұлғаның уәкілетті өкілінің жеке сәйкестендіру нөмірі болуға тиіс өтінімді жібереді;*
- *4) мемлекеттік кірістер органы осы тармақтың 3) тармақшасында көзделген мәліметтер мен құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын қаржы ұйымына белгіленген шекті мөлшерден асатын қолма-қол ақшаны беруден бас тарту үшін негіздердің болуы не болмауы туралы мәліметтерді жазбаша және (немесе) электрондық нысанда жібереді;*
- *5) мемлекеттік кірістер органы тәуекелдерді басқару жүйесін қолдануды ескере отырып, мынадай:*
- *төмен тәуекел дәрежесі бойынша – қолма-қол ақшаны беруден бас тарту үшін негіздердің болмауы туралы;*
- *жоғары тәуекел дәрежесі бойынша – қолма-қол ақшаны беруден бас тарту үшін негіздердің болуы туралы шешімдердің біреуін шығарады.*
- *Заңды тұлға белгіленген шекті мөлшерден асатын қолма-қол ақшаны алуға өтінім берген күннен бастап үш жұмыс күнінен астам мерзім болуы және мемлекеттік кірістер органынан белгіленген шекті мөлшерден асатын қолма-қол ақшаны беруден бас тарту үшін негіздердің болуы не болмауы туралы мәліметтердің болмауы белгіленген шекті мөлшерден асатын қолма-қол ақшаны беру үшін негіз болып табылады;*
- *6) осы тармақтың 5) тармақшасын іске асыру мақсатында мемлекеттік кірістер органы 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексінің) 136-бабының 1-тармағында көзделген тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану үшін конфиденциалды ақпарат болып табылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын әзірлейді;*
- *7) № 50 қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап № 50 қаулы қолданысқа енгізілген күнтізбелік ай аяқталғанға дейінгі кезеңде заңды тұлғалардың банктік шоттардан қолма-қол ақша алуы № 50 қаулыда белгіленген сома мөлшерінің шегінде жүзеге асырылады;*
- *8) заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын қаржы ұйымдары ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың он бесінші күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне осы қаулыға қосымшаға сәйкес нысан бойынша күнтізбелік ай ішінде заңды тұлғалар банктік шоттардан жиынтығында 10 000 000 (он миллион) теңгеден астам сомаға қолма-қол ақшаны алуды жүзеге асырған соманың мөлшері туралы мәліметтерді жібереді;*
- *9) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі заңды тұлғалардың банктік шоттарынан күнтізбелік ай ішінде қолма-қол ақшаны алуға рұқсат етілген шегінде белгіленген сома мөлшерінен асырған заңды тұлғаларды айқындау үшін заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын қаржы ұйымдары және банктік шоттардан қолма-қол ақша алуды жүзеге асырған заңды тұлғалар бөлігінде бизнес сәйкестендіру нөмірлері негізінде осы тармақтың 8) тармақшасында көрсетілген деректерді жинақтайды. Жиынтық деректер тәуекелдерді басқару жүйесінде пайдалану үшін мемлекеттік кірістер органына және заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын қаржы ұйымдары осы қаулыда көзделген заңды тұлғалардың банктік шоттардан қолма-қол ақшаны алу тәртібін сақтауын бақылау үшін Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне электрондық нысанда жіберіледі.*

**2.** Қолма-қол ақша айналысы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**3.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін екі жұмыс күні ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына және Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министріне жүктелсін.

**5.** Осы қаулы 2020 жылғы 1 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және 2020 жылғы 31 желтоқсан аралығында қолданылады.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 24 сәуірде № 20474 болып тіркелді

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ. 2020 жылғы 21 сәуір № 54

## Екінші деңгейдегі банктер есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы және «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** Мыналар:
- *1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес екінші деңгейдегі банктер есептілігінің тізбесі;*
- *2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес екінші деңгейдегі банктің баланстық және баланстан тыс шоттарындағы қалдықтар туралы есептің нысаны;*
- *3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес қосымша мәліметтер туралы есептің нысаны;*
- *4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес шартты активтер мен шартты міндеттемелер туралы есептің нысаны;*
- *5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес банкаралық активтер және міндеттемелер, сондай-ақ шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер бойынша есептің нысаны;*
- *6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы есептің нысаны;*
- *7) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес екінші деңгейдегі банктің, сондай-ақ ислам банкінің басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялары туралы есептің нысаны;*
- *8) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес активтердің және шартты міндеттемелердің құрылымы туралы есептің нысаны;*
- *9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес қарыздар, оның ішінде толық көрсетілген негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар қарыздар туралы есептің нысаны;*
- *10) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес екінші деңгейдегі банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен есепті ай ішінде жасалған, сондай-ақ есепті күнге қолданыстағы мәмілелер туралы есептің нысаны;*
- *11) осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес репо, кері репо операциялары туралы есептің нысаны;*
- *12) осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес өтеуге дейін қалған төлем мерзімі туралы есептің нысаны;*
- *13) осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес тартылған ақшаның негізгі көздері туралы есептің нысаны;*
- *14) осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес жеке тұлғалар депозиттерінің көлемі және сыйақы мөлшерлемелері бойынша есептің нысаны;*
- *15) осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес шығындар келтірген операциялық тәуекел оқиғаларын мониторингтеу туралы есептің нысаны;*
- *16) осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес екінші деңгейдегі банктің басшы қызметкерлеріне төленген кірістер туралы есептің нысаны;*
- *17) осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес Екінші деңгейдегі банктердің есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.*

**2.** Екінші деңгейдегі банктер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта мыналарды ұсынады:
- *1) осы қаулының 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген есепті:*
- *күн сайын, есепті күннен кейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірмей (ай сайынғы есеппен бір мезгілде ұсынылатын айдың алғашқы есепті күндеріндегі есептерді қоспағанда);*
- *ай сайын, есепті айдың соңғы күнінен кейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірмей;*
- *2) осы қаулының 1-тармағының 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 11) және 12) тармақшаларында көзделген есептерді – ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей;*
- *3) осы қаулының 1-тармағының 10) тармақшасында көзделген есепті – ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың он бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей;*
- *4) осы қаулының 1-тармағының 13) тармақшасында көзделген есепті – ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың он бесінші күнінен кешіктірмей ұсынады. Есепті айда күнтізбелік тоқсан аяқталған кезде осы қаулының 1-тармағының 13) тармақшасында көзделген есеп аяқталатын тоқсаннан кейінгі айдың он бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынылады;*
- *5) осы қаулының 1-тармағының 14) тармақшасында көзделген есепті – ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей;*
- *6) осы қаулының 1-тармағының 15) тармақшасында көзделген есепті – тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың отызыншы күнінен кешіктірмей;*
- *7) осы қаулының 1-тармағының 16) тармақшасында көзделген есепті – жыл сайын, қаржы жылы аяқталған соң күнтізбелік бір жүз жиырма күн ішінде ұсынады.*

Екінші деңгейдегі банктер (оның ішінде қорытынды айналымдарды жасамаған екінші деңгейдегі банктер) осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 11), 12), және 14) тармақшаларында көзделген ай сайынғы есептілікті (банкішілік операциялар бойынша қорытынды айналымдарды есепке ала отырып) келесі қаржы жылының бірінші ақпанынан кешіктірмей желтоқсан айына қосымша ұсынады.

**3.** «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды кіріс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 137 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17313 болып тіркелген, 2018 жылғы 7 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

**4.** Қаржы нарығының статистикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 5-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**5.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**6.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**7.** Осы қаулы 2020 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 24 сәуірде № 20481 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ. 2020 жылғы 21 сәуір № 55

### Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ашық деректер тізбесін бекіту туралы

«Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы бірінші бөлігінің 15) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** Қоса беріліп отырған Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ашық деректер тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

**2.** «Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ашық деректер тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 246 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16249 болып тіркелген, 2018 жылғы 18 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

**3.** Қаржы нарығының статистикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**4.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**5.** Тізбеде көрсетілген жауапты бөлімшелер ашық деректердің интернет-порталында ашық деректердің уақтылы орналастырылуын және жаңартылуын қамтамасыз етсін.

**6.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін

**7.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан



Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 27 сәуірде № 20494 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ. 2020 жылғы 21 сәуір № 56

### «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына және «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шарт туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 мамырдағы № 655 қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқарудың тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4361 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- *«3. Қорды сенімгерлік басқару бойынша қызметке қаржы нарықтары туралы деректерді ұсынатын Bloomberg L.P., Reuters (Eastern Europe) Limited және басқа ақпараттық жүйелердің қызмет көрсетулерін сатып алу кіреді.»;*

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- *«5. Активтерді активтік басқару – портфель кірістілігі ауытқуының өзгермелілік мәні (tracking error) 2 (екі) пайыздан асатын басқару түрі.»;*

26-2 және 26-3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

- *«26-2. Өтпелі кезең – жинақ портфелінің активтерін жаңа нысаналы стратегиялық бөлуге көшіру жүзеге асырылатын, 2017 жылдан бастап ұзақтығы 3 (үш) жылдан 5 (бес) жылға дейін тұратын кезең.*

26-3. Өту жоспары – Ұлттық Банктің өтпелі кезең ішінде жинақ портфелінің активтерін жаңа нысаналы стратегиялық бөлуге келтіруге бағытталған жүйелі іс-қимылдарының қатары.»;

мынадай мазмұндағы 26-5, 26-6 және 26-7-тармақтарымен толықтырылсын:

- *«26-5. Активтерді жетілдірілген индекстік басқару – кірістілік ауытқуының өзгермелілік мәні (tracking error) 0,5 (нөл бүтін оннан бес) пайыздан қоса алғанда 2 (екі) пайызға дейін болатын басқару түрі. Активтерді жетілдірілген индекстік басқаруда эталондық портфельдің негізгі көрсеткіштерінен біркалыпты ауытқуы болжанады.*

26-6. Басқарушылық бақылау – бір заңды тұлғаның шешімді тікелей және (немесе) жанама айқындау және (немесе) басқа заңды тұлғаның осындай заңды тұлғаға қатысуға (меншіктеуге) байланысты қабылдайтын шешімдеріне ықпал ету мүмкіндігі.

26-7. Компаниялар тобы – бірге бір заңды тұлғаның басқарушылық бақылауында болатын заңды тұлғалар, немесе бір заңды тұлға екінші заңды тұлғаның басқарушылық бақылауында болатын заңды тұлғалар.»;

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- *«30. Қордың активтерін портфельдер арасында аудару, олардың түрі мен көлемі айқындалып өкілетті өкілдің тапсырмасымен Қағидалардың шеңберінде жүзеге асырылады.»;*

32-1, 33, 34 және 35-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

- *«32-1. Сенімгерлік басқару кезінде активтерді активтік басқару, активтерді пассивтік басқару, активтерді жетілдірілген индекстік басқару қолданылады.*

33. Репо және кері репо операциялары A-1 (Standard&Poor's)/P1(Moody's) төмен емес қысқа мерзімді кредиттік рейтингтері бар және A- (Standard & Poor's)/A3 (Moody's) төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтері бар қарсы әріптестермен жүзеге асырылады. Кері репо операцияларына арналған қамтамасыз ету нарықтық құны операция сомасының кемінде 100 (жүз) пайызын құрайтын, ең төменгі кредиттік рейтингі A+ (Standard&Poor's)/A1 (Moody's) төмен емес бағалы қағаздар болады.

34. Шетел валютасындағы және алтын депозиттері (салымдар) A-1 (Standard&Poor's)/P1 (Moody's) төмен емес қысқа мерзімді кредиттік рейтингі бар және A (Standard&Poor's)/A2 (Moody's) төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар қарсы әріптестерде орналастырылады. Шетел валютасындағы депозиттердің (салымдардың) ең көп мерзімі – 1 (бір) ай. Алтын депозиттерінің (салымдарының) ең көп мерзімі Қағидалардың 56-11 тармағында көзделген.

35. «Төлемге қарсы жеткізу» қағидаты бойынша мәмілелерді қарсы әріптестер (немесе кастодиандар) арасында активтерді бір мезгілде жеткізу кезінде олардың кредиттік рейтингіне шектеулерсіз жүзеге асырылады.»;

35-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«35-2. Ақшаның қалдықтарын инвестициялау AAAm – Standard & Poor's рейтингі бар ақша нарығының қорларына немесе Aaa – Moody's немесе AAAm – Standard & Poor's немесе Aaa – Moody's рейтингі бар қорларға қойылатын барлық талаптарды орындайтын ақша нарығының қорларына жүзеге асырылады.»;*
- *35-5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:*

40, 41, 42 және 43-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:
- *«40. Бағалы қағазды өтеудің ең көп мерзімі 10 (он) жылдан аспайды.*

41. Тұрақтандыру портфелі қаржы құралдарының орташа алынған өтеу мерзімі 1 (бір) жылдан аспайды.

42. Тұрақтандыру портфелі активтерінің 50 (елу) пайыздан аспайтын мөлшерін сыртқы басқаруға беріледі.

43. Тұрақтандыру портфелі активтерінің валюталық бөлуге қатысты ең көп дегенде 50 (елу) пайызын жинақ портфелінің индекстеріне кіретін елдердің АҚШ долларынан басқа валюталарда деноминирленген активтерге инвестицияланады.»;

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«46. Төмендегідей бөлу жинақ портфелінің активтерін өтпелі кезең аяқталғаннан кейін нысаналы стратегиялық бөлу болып табылады:
- *1) мыналарды қоса алғанда, 60 (алпыс) пайыз – облигациялар:*
- *29 (жиырма тоғыз) пайыз – дамыған елдердің мемлекеттік облигациялары;*
- *21 (жиырма бір) пайыз – дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары;*
- *10 (он) пайыз – корпоративтік облигациялар:*
- *2) 30 (отыз) пайыз – акциялар;*
- *3) 5 (бес) пайызға дейін – баламалы құралдар;*
- *4) 5 (бес) пайызға дейін – алтын.»;*

47-1 және 47-2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:
- *«47-1. Жинақ портфелінің активтерін жаңа нысаналы стратегиялық бөлуге өту Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес жинақ портфелінің активтері құрамындағы портфельдердің нысаналы үлестерін әр жылдың соңында бөлуден тұратын өту жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.*

47-2. Нарықтың қолайсыз конъюнктурасы және жинақ портфелінің инфрақұрылымын дайындауға қосымша уақыт қажет болған жағдайда, өту жоспарынан ауытқуға рұқсат етіледі.»;

48 және 49-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«48. Өтімділігі жоғары бағалы қағаздардың мынадай индекстерінен тұратын дамыған елдер облигацияларының композиттік индексі дамыған елдердің мемлекеттік облигацияларының портфелі үшін эталондық портфель болып табылады:

- *ICE BofAML 1-10 Year US Treasury Index (GVQ0) – 62,5 (алпыс екі бүтін оннан бес) пайыз;*
- *ICE BofAML 1-10 Year German, France, Netherlands, Austria, Luxemburg & Finland Government Index (EVDF) – 12,5 (он екі бүтін оннан бес) пайыз;*
- *ICE BofAML 1-10 Year UK Gilt Index (GVL0) – 10 (он) пайыз;*
- *ICE BofAML 1-10 Year Japan Government Index (GVY0) – 5 (бес) пайыз;*
- *ICE BofAML 1-10 Year Australia Government Index (GVT0) – 5 (бес) пайыз;*
- *ICE BofAML 1-10 Year Canada Government Index (GVC0) – 5 (бес) пайыз.*

Дамыған елдер облигацияларының композиттік индексінде эталондық бөлуге қайта оралу күнтізбелік тоқсанның соңғы жұмыс күнінде жүргізіледі.

Дамыған елдер облигацияларының композиттік индексінде бағалы қағаздардың құрамы ай сайын өзгеріп тұрады.

Ұлттық Банк кірістілік және тәуекел көрсеткіштерін күн сайын есептейді.

49. Портфельдің дюрациясы эталондық портфель дюрациясынан +30/-40 (плюс отыз/минус қырық) пайыз шегінен аспайды.»;

51-1, 51-2, 51-3 және 51-4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«51-1. Дамыған елдердің мемлекеттік облигациялары портфелі кірістілігінің ауытқуының күтілетін өзгермелілігі (ex-ante tracking error) оған кіретін туынды қаржы құралдарын есепке ала отырып, жылдық 2 (екі) пайыздан аспайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген шектеу асып кеткен жағдайда Ұлттық Банк оны асып кеткен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күннен артық емес мерзімде жояды.

51-2. Дамушы елдердің мемлекеттік облигацияларының портфелі:
- *экспортта 80 (сексен) пайыздан астам мөлшерде мұнай үлесі бар елдердің облигацияларын қоспағанда, ICE BofAML Q34A Custom Index индекстері бар эталондық портфельдерді қолданып, дамушы елдердің мемлекеттік облигацияларының портфелінен;*
- *көлемі жинақ портфелінен 1 (бір) пайыздан аспайтын эталондық портфельді қолданусыз, Қытай юаніндегі портфельден тұрады.*

51-3. Дамушы елдердің мемлекеттік облигацияларының портфелі үшін мына талаптар қолданылады:
- *1) дамушы елдердің мемлекеттік облигацияларының портфелі активтерінің ең төменгі кредиттік рейтингі BB (Standard&Poor's)/Ba2 (Moody's) деңгейіне немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің ұқсас кредиттік рейтингіне сәйкес келеді.*

Дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары портфелінің активтері үшін 2 (екі) және одан астам кредиттік рейтинг болған кезде ең төменгі кредиттік рейтинг олардың ең төменгісі ретінде айқындалады.

Егер актив бойынша кредиттік рейтингтің мәні ең төменгі кредиттік рейтингтен төмен түсірілсе, Ұлттық Банк актив бойынша ең төменгі кредиттік рейтингтің мәнін төмендету күнінен бастап 2 (екі) айдан астам емес нарықтың ағымдағы конъюнктурасын ескере отырып, осы актив бойынша позицияны жою бойынша іс-шараларды жүзеге асырады;

2) Қағидаларға 6-1-қосымшада белгіленген жеке басқарушының дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары портфелін секторлар бойынша бөлуіне сәйкес шектеулер.

51-4. Эталондық портфельді қолдана отырып, дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары портфелі үшін мынадай талаптар қолданылады:
- *1) Ұлттық Банк экспорттағы мұнайдың кемінде 80 (сексен) пайыз мөлшерде үлесі бар елдің облигацияларын индексі құрамынан алып тастауды кемінде жылына 1 (бір) рет жүзеге асырады;*
- *2) эталондық портфельге кіретін бір эмитент-елдің бағалы қағаздарының үлесі дамушы елдердің мемлекеттік облигациялар портфелі көлемінің 20 (жиырма) пайызынан аспайды;*
- *3) эталондық портфельге кірмейтін бір эмитент-елдің бағалы қағаздарының үлесі дамушы елдердің мемлекеттік облигациялар портфелі көлемінің 5 (бес) пайызынан аспайды;*
- *4) дамушы елдердің мемлекеттік облигациялар портфелінің дюрациясы эталондық портфель дюрациясының +30/-40 (плюс отыз/минус қырық) пайызы шегінен аспайды;*

- *5) дамушы елдердің мемлекеттік облигациялар портфелі кірістілігінің ауытқуының күтілетін өзгермелілігі (ex-ante tracking error) оған кіретін туынды қаржы құралдарын есепке ала отырып, жылдық 4 (төрт) пайыздан аспайды.*

Осы тармақтың 5) тармақшасында көзделген шектеу асып кеткен жағдайда Ұлттық Банк оны асып кеткен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күннен артық емес мерзімде жояды.»;

51-5, 51-6, 51-7, 51-8 және 51-9 тармақтар алып тасталсын;

51-12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«51-12. Корпоративтік облигациялар портфелінің дюрациясы эталондық портфельдің дюрациясынан +30/-40 (плюс отыз/минус қырық) пайыз шегінен аспайды.»;*

51-14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«51-14. Корпоративтік облигациялар портфелі кірістілігінің ауытқуының күтілетін өзгермелілігі (ex-ante tracking error) оған кіретін туынды қаржы құралдарын есепке ала отырып, жылдық 4 (төрт) пайыздан аспайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген шектеу асып кеткен жағдайда Ұлттық Банк оны асып кеткен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күннен артық емес мерзімде жояды.»;

53, 54 және 55-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- *«53. Жинақ портфелінің акциялары портфелінің активтері (бұдан әрі – акциялар портфелі) жай және артықшылықты акцияларға, акциялар портфелінің эталондық портфелінде негізге алынатын немесе оның құрамдас секторларындағы индекстерге, туынды қаржы құралдарына, сондай-ақ ақшаға инвестицияланады.*

54. Дербес басқарудағы акциялар портфелінің активтері Қағидалардың 53-тармағында аталған қаржы құралдарына инвестицияланады, сондай-ақ өтеу мерзімі 1 (бір) жылға дейінгі мемлекеттік бағалы қағаздар мен депозиттерге инвестициялауна және репо операцияларын жасауына жол беріледі.

55. Акциялар портфелінің активтік басқарудағы үлесі акциялар портфелінің 50 (елу) пайызынан аспайды.»;

55-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«55-2. Акциялар портфелі кірістілігінің ауытқуының күтілетін өзгермелілігі (ex-ante tracking error) оған кіретін туынды қаржы құралдарын есепке ала отырып, жылдық 3,75 (үш бүтін жүзден жетпіс бес) пайыздан аспайды.*
- *Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген шектеу асып кеткен жағдайда Ұлттық Банк оны асып кеткен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күннен артық емес мерзімде жояды.»;*

56-8-тармаққа орыс тілінде өзгеріс енгізіледі, қазақ тілде мәтін өзгермейді:
- *«2) Қазақстан Республикасынан тыс жерде ашылған металл шоттарда орналастырылған сыртқы алтын түріндегі құймалар».*

59 және 60-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- *«59. Бір кастодианда клиенттердің активтері ең аз сомасы 3 (үш) триллион АҚШ долларына тең сақтауда болады.*

60. Жаһандық кастодиан Ұлттық Банкке Қордың активтерін мониторингтеу үшін on-line есептілік жүйесіне қол жеткізуді ұсынады.»;

62, 63, 63-1, 63-2 және 63-3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«62. Егер Ұлттық Банк Басқармасының шешімімен өзгеше көзделмесе, Қордың бір кастодианға өткізілетін активтерінің нарықтық құны 25 (жиырма бес) миллиард АҚШ доллары баламасынан аспайды.

63. Құрылымдық өнімдерді тәуекелдерді хеджирлеу және кірістілікті ұлғайту үшін пайдаланады.

63-1. Сатып алуға эмитенттің A+ (Standard&Poor's)/A1 (Moody's) төмен емес рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары және тәуелсіз агенттіктер эмиссиялайтын құрылымдық өнімдер сатып алуға жол беріледі.

63-2. Ақша ағындары және (немесе) өтеудің негізгі сомасы валюталық, шикізат нарықтарына және (немесе) акциялар нарықтарына не кредиттік оқиғаларға байланысты құрылымдық өнімдерді сатып алуға жол берілмейді.

63-3. Егер құрылымдық өнім бойынша нарықтық қайта бағалау болса, құрылымдық өнімді сатып алуға жол беріледі.»;

8-1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«8-1-тарау. Бағалы қағаздарды кепіл арқылы қарызға беру (securities lending)»;

70-1, 70-2, 70-3 және 70-4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- *«70-1. Кепіл арқылы бағалы қағаздарды қарызға беру операциялары (securities lending) кастодиан бағалы қағаздарды қарызға алушы ретінде әрекет ететін немесе кастодианмен бірге компаниялар тобына кіретін заңды тұлға қарызға алушы ретінде әрекет ететін кастодиандардың бағдарламаларына сәйкес кастодианның қарызға кепіл арқылы берілген бағалы қағаздардың құнын қайтару немесе өтеу талаптарында жүзеге асырылады.*

70-2. Мәміле ашылған сәтте нарықтық құны кепіл арқылы қарызға берілетін (securities lending) бағалы қағаздың нарықтық құнының 102 (бір жүз екі) пайызынан кем болмайтын, ең аз кредиттік рейтингі A+ (Standard&Poor's)/A1 (Moody's) төмен емес немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің осыған ұқсас кредиттік рейтингі бар бағалы қағаздар кепіл арқылы бағалы қағаздарды қарызға беру (securities lending) операциялары бойынша кепіл ретінде қабылданады.

Кепіл арқылы бағалы қағаздарды қарызға беру (securities lending) операциялары бойынша кепіл ретінде жылжымайтын мүлік (MBS) және активтер кепілімен бағалы қағаздар (ABS), тұрақтандыру және жинақ портфельдерінің валюталарынан басқа валюталармен номинирленген бағалы қағаздар қабылданбайды.

Тұрақтандыру және жинақ портфельдерінің валюталарындағы ақша қарыз алушының Ұлттық Банкке бағалы қағаздарды кепілге беруі үшін қажетті мерзімге кепіл ретінде қабылданады.

Тұрақтандыру және жинақ портфельдерінің валюталарындағы ақша да қарыз алушы Ұлттық Банктің қарызға берген бағалы қағаздарды қайтару жөніндегі міндеттемелерін орындамаған жағдайда Ұлттық Банк алдындағы өз міндеттемелерін орындау үшін қарыз алушы Ұлттық Банкке балама бағалы қағаздарды бергенге дейінгі мерзімге не қарыз алушының Ұлттық Банк алдындағы өз міндеттемелерін тараптардың келісімі бойынша өзге тәсілмен орындағанға дейінгі мерзімге кепіл ретінде қабылданады. Балама бағалы қағаздар деп қарызға берілген бағалы қағаздар сол эмитентінің, сол шығарылымдағы және номиналдық құны (облигацияларға қатысты) немесе саны (акцияларға қатысты) сондай бағалы қағаздары түсініледі.

70-3. Кепіл арқылы бағалы қағаздарды қарызға беру (securities lending) бойынша операциялар күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімге жасалады.

70-4. Кепіл арқылы бағалы қағаздарды қарызға беру (securities lending) Ұлттық Банктің меншікті басқаруындағы активтерге, сондай-ақ сыртқы басқаруға берілген активтерге де қатысты рұқсат етіледі.»;

2-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-1-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

6-1-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

6-2-қосымша осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

**2.** Монетарлық операциялар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*

- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**3.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**5.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 24 сәуірде № 20473 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ. 2020 жылғы 21 сәуір № 59

### «Төлем карточкаларын шығару қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 205 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 және «Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» 2020 жылғы 16 наурыздағы № 286 Жарлықтарына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында COVID-19 коронавирусының таралуын болдырмау шараларын күшейту мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**2.** Төлем карточкаларын шығару қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 205 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14299 болып тіркелген, 2016 жылғы 26 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:
- *көрсетілген қаулымен бекітілген Төлем карточкаларын шығару қағидаларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарда:*

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«42. Байланыссыз төлем карточкасын пайдалана отырып төлем карточкалары жүйесінің ішкі құжаттарында белгіленген сома шегінде операцияларды дербес сәйкестендіру нөмірін енгізбей-ақ жүзеге асыруға жол беріледі.».*



**10.** Төлем жүйелері департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**11.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**12.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**13.** Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 6 мамырда № 20593 болып тіркелді

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ АГЕНТТІГІ**

Алматы қаласы 2020 жылғы
5 мамыр № 56

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

Алматы қаласы 2020 жылғы
5 мамыр № 62

## БІРЛЕСТІК РЕТТЕУ

### Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі беретін соңғы сатыдағы қарыздар туралы қағидаларды бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 және «Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» 2020 жылғы 16 наурыздағы № 286 Жарлықтарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің соңғы сатыдағы қарыздарды беру тәртібін айқындау мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі беретін соңғы сатыдағы қарыздар туралы қағидалар бекітілсін.

**2.** Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржылық тұрақтылық және зерттеулер департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- *1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы бірлескен қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы бірлескен қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы бірлескен қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**3.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы бірлескен қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы бірлескен қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының қаржылық тұрақтылық және зерттеулер бөлімшесіне жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**5.** Осы бірлескен қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 6 мамырда № 20585 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы 2020 жылғы 5 мамыр № 63

### «Айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша теңгеге шетел валютасын сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 19 наурыздағы № 33 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына және «Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 286 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** «Айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша теңгеге шетел валютасын сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 19 наурыздағы № 33 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20146 болып тіркелген, 2020 жылғы 20 наурызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына және «Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 286 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- *«5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2020 жылғы 1 шілдеге дейін қолданылады.».*

**2.** Қолма-қол ақша айналысы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**3.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік жеті күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**5.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 25 мамырда № 20714 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы 2020 жылғы 18 мамыр № 68

### «Қаржы ұйымдарының және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының заңдарына және «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, қаржы ұйымдарының, микроқаржылық қызметті жүзеге

асыратын ұйымдардың қаржылық есептілікті ұсыну тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** «Қаржы ұйымдарының және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13504 болып тіркелген, 2016 жылғы 7 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
- *көрсетілген қаулымен бекітілген Қаржы ұйымдарының және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларында:*

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«5. Электрондық форматта ұсынылған қаржылық есептілік қағаз тасымалдағыштағы қаржылық есептілікке сәйкес келуге тиіс. Электрондық форматта ұсынылған деректердің қағаз тасымалдағыштағы деректермен бірдейлігін ұйымның бірінші басшысы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы тұлға) қамтамасыз етеді.*

Қағаз тасымалдағыштағы жылдық қаржылық есептілікте екі немесе одан көп салыстырмалы кезеңдердің болуына жол беріледі.»

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«7. Ұйым тоқсан сайынғы (ай сайынғы) қаржылық есептілікпен бірге Ұлттық Банкке электрондық форматта бухгалтерлік баланстың «басқа да активтер» және «басқа да міндеттемелер» баптары бойынша, сондай-ақ пайда мен зиян туралы есептің/жиынтық кіріс туралы есептің «басқа да кірістер» және «басқа да шығыстар» баптары бойынша нақтылануы ашып көрсетілетін түсіндірме жазбаны ұсынады. Қосымша екінші деңгейдегі банктер түсіндірме жазбада пайда мен зиян туралы есептің/жиынтық кіріс туралы есептің және ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есептің «пайыздық кірістер» және «пайыздық шығыстар» баптарының нақтылануын ұсынады.»;*

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«8. Мынадай қаржы ұйымдары Ұлттық Банкке жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуіріне (қоса алғанда) дейінгі мерзімде жылдық қаржылық есептілікті, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда – халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда – аудиторлық ұйым растаған жеке және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептіліктерді қағаз тасымалдағышта ұсынады:*
- *1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері;*
- *2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры;*
- *3) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары;*
- *4) бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар;*
- *5) инвестициялық портфельді басқарушылар;*
- *6) бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар;*
- *7) қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясының негізінде айырбастау пунктері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, оның ішінде бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлға.»;*

мынадай мазмұндағы 11-1-тармақпен толықтырылсын:
- *«11-1. Екінші деңгейдегі банктер жылдық қаржылық есептілікті есепті жылдан кейінгі жылғы 30 сәуірге дейінгі (қоса алғанда) мерзімде жыл сайын Ұлттық Банкке ұсынады, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда – халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған және «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабының 1-1-тармағында көзделген жағдайларда – аудиторлық ұйым растаған, Қағидаларға 3-1, 3-2, 3-3 және 3-4-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша электрондық форматта жеке жылдық қаржылық есептілікті және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті ұсынады.*

Екінші деңгейдегі банктер жылдық қаржылық есептілікпен бірге электрондық форматта түсіндірме жазбаны ұсынады, онда бухгалтерлік баланстың «басқа да активтер» және «басқа да міндеттемелер» баптары бойынша, пайда мен зиян туралы есептің/жиынтық кіріс туралы есептің «басқа да кірістер», «басқа да шығыстар», «пайыздық кірістер» және «пайыздық шығыстар» баптары бойынша, сондай-ақ ақшалай



қаражаттың қозғалысы туралы есептің «пайыздық кірістер» және «пайыздық шығыстар» баптары бойынша нақтылануы ашылып жазылады.»;

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«17. Ұлттық Банкке тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті:*
- *1) сақтандыру брокерлері Қағидаларға 14 және 16-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша есепті тоқсаннан кейінгі айдың алтыншы жұмыс күнінен кешіктірмей;*
- *2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (Ұлттық пошта операторын, ипотекалық ұйымдарды, қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде айырбастау пункттері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғаларды, айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды және бұдан бұрын еншілес банк болған заңды тұлғаны, уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын брокерлерді және (немесе) дилерлерді қоспағанда) Қағидаларға 14 және 16-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырмасынан кешіктірмей;*
- *3) екінші деңгейдегі банктер, еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда – халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған, аудиторлық ұйым растаған (бар болса), Қағидаларға 3-1, 3-2, 3-3 және 3-4-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша жеке тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті және шоғырландырылған тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей ұсынады.»;*

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«18. Ұлттық Банктің аумақтық филиалына өзінің орналасқан жері бойынша тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті:*
- *1) Қағидаларға 14 және 16-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша:*

  халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын қолданатын микроқаржы ұйымдары есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырмасынан кешіктірмей;

  халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын қолданатын кредиттік серіктестіктер және ломбардтар есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей;

- *2) Қағидаларға 17 және 18-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша:*

  халықаралық қаржылық есептілік шағын және орта бизнеске арналған стандарттарын немесе Қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарын қолданатын микроқаржы ұйымдары есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырмасынан кешіктірмей;
  халықаралық қаржылық есептіліктің шағын және орта бизнеске арналған стандарттарын немесе Қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарын қолданатын кредиттік серіктестіктер және ломбардтар есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей ұсынады.»;
  осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда Қағидаларға 3-1-қосымшамен толықтырылсын;
  осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда Қағидаларға 3-2-қосымшамен толықтырылсын;
  осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда Қағидаларға 3-3-қосымшамен толықтырылсын;
  осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда Қағидаларға 3-4-қосымшамен толықтырылсын;
  4-қосымша осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
  5-қосымша осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
  6-қосымша осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
  7-қосымша осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
  8-қосымша осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
  9-қосымша осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
  10-қосымша осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
  11-қосымша осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
  12-қосымша осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
  13-қосымша осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
  14-қосымша осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
  15-қосымша осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
  16-қосымша осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
  17-қосымша осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
  18-қосымша осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын

**2.** Бухгалтерлік есеп департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**3.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**5.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 25 мамырда № 20715 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы 2020 жылғы 18 мамыр № 69

### «Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 49 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы, «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 25 қарашадағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** «Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 49 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18545 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 24 сәуірде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
- *көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларында:*

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«1. Осы Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы (бұдан әрі – Банктер туралы заң), «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң), «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы (бұдан әрі – Рұқсаттар туралы заң), «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі (бұдан әрі – Валюталық реттеу туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және қойылатын біліктілік талаптарын қоса алғанда, уәкілетті ұйымдарды лицензиялау, уәкілетті банктің айырбастау пункттері қызметінің басталуы немесе тоқтатылуы туралы хабарлау тәртібін, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру жөніндегі қызметке қойылатын талаптарды, айырбастау пункттерінің жұмыс істеу талаптарын және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) шығарған аффинирленген құйма алтынды сатып алу және (немесе) сату бойынша операциялар жүргізу тәртібін, сондай-ақ уәкілетті банктердің және уәкілетті ұйымдардың есептерді ұсыну нысандары мен мерзімдерін айқындайды.»;*

2-тармақта:
бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:
- *«2. Қағидаларда «Теміржол көлігі туралы» 2001 жылғы 8 желтоқсандағы, «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы, «Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі, «Ойын бизнесі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы, «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» 2013 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының заңдарында, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңда, Валюталық реттеу туралы заңда көрсетілген мағынада қолданылатын ұғымдар қолданылады.»;*

екінші бөліктің 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
- *«4) аппараттық-бағдарламалық кешен – айырбастау операцияларының, аффинирленген құйма алтынды сатып алудың және (немесе) сатудың есебін жүргізуді қамтамасыз ететін бақылау-касса машинасының функцияларын іске асыратын бағдарламалық қамтамасыз ету мен техникалық құралдардың жиынтығы;»;*

6-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
- *Уәкілетті ұйымның құрылтайшысы, қатысушысы (құрылтайшыларының, қатысушыларының бірі) бола алмайтын тұлға:*
- *1) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясынан айыру туралы шешім қабылданған уәкілетті ұйымның құрылтайшысы, қатысушысы (құрылтайшыларының, қатысушыларының бірі) болып табылатын тұлға Ұлттық Банктің аумақтық филиалының тиісті шешімінің күнінен бастап 3 (үш) жыл өткенге дейін;*
- *2) өзіне қатысты қаржы ұйымының, банк және (немесе) сақтандыру холдингінің басшы қызметкерінің лауазымын атқару және қаржы ұйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) болу құқығынан айыру түрінде қылмыстық жаза қолдану туралы соттың заңды күшіне енген шешімі бар тұлға;*
- *3) КЖТҚҚ туралы заңға сәйкес терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіндегі тұлға уәкілетті ұйымның құрылтайшысы, қатысушысы (құрылтайшыларының, қатысушыларының бірі) болып табылмайды.»;*

14, 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- *«14. Ұлттық Банктің аумақтық филиалы қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензияны және қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензияға қосымшаны «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы қазақ және орыс тілдерінде Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша береді.*

15. Қолданыстағы лицензияға қолданыстағы қосымшаның болуы уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінің (автоматтандырылған айырбастау пунктінің) жұмыс істеуі үшін негіз болып табылады. Уәкілетті ұйым қосымша айырбастау пунктін ашу үшін қолданыстағы лицензияға қосымша алады, ол қазақ және орыс тілдерінде Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.»;

мынадай мазмұндағы 17-1, 17-2, 17-3, 17-4 және 17-5-тармақтармен толықтырылсын:
- *«17-1. «Уәкілетті ұйымдарға берілетін қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензия беру» мемлекеттік қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсетуге процестің сипатын, көрсету нысанын, мазмұнын және нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге мәліметтерді қамтитын негізгі талаптар тізбесі Қағидаларға 4-1-қосымшада белгіленген.*

17-2. Ұлттық Банктің аумақтық филиалының хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті қызметкері «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы лицензияны және лицензияға қосымшаны немесе қолданыстағы лицензияға қосымшаны алуға өтініш (бұдан әрі – өтініш) келіп түскен күні оны қабылдайды, тіркейді және мемлекеттік қызметті көрсетуге жауапты бөлімшеге (бұдан әрі – жауапты бөлімше) орындауға жолдайды.

Өтініш жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері келіп түскен кезде өтініш келесі жұмыс күні қабылданады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жіберген кезде жеке кабинетте нәтижені алу күні мен уақыты көрсетіліп, мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрату қабылданғаны туралы мәртебесі автоматты түрде көрсетіледі.

17-3. Жауапты бөлімшенің қызметкері өтінішті тіркеген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, жауапты бөлімшенің қызметкері өтінішті тіркеген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және жібереді.

Берілген құжаттардың толық болу фактісі анықталған кезде, жауапты бөлімшенің қызметкері лицензияны және лицензияға қосымшаны алуға өтініш тіркелген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде, қолданыстағы лицензияға қосымшаны алуға өтініш тіркелген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде құжаттарды олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі тұрғысынан қарастырады, лицензияның және лицензияға қосымшаның, қолданыстағы лицензияға қосымшаның не дәлелді бас тартудың жобасын дайындайды.

17-4. Уәкілетті ұйымның айырбастау пункті үй-жайының, жабдығының қойылатын талаптарға сәйкестігін қарап тексеруді Ұлттық Банктің аумақтық филиалы қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру үшін көзделген мерзім ішінде жүргізеді.

17-5. «Электрондық үкіметтің» веб-порталында мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушыға уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында жеке кабинетке жіберіледі.»;

18-тармақ алып тасталсын;

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«19. Уәкілетті ұйым мынадай:*
- *1) уәкілетті ұйым қосылу, бірігу нысанында қайта ұйымдастырылған;*
- *2) уәкілетті ұйымның атауы және (немесе) мемлекеттік тіркеу орны өзгерген жағдайларда қолданыстағы лицензияны қайта ресімдеу үшін Ұлттық Банктің аумақтық филиалына «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы өтініш жасайды.*

Уәкілетті ұйым (оның филиалы) мынадай:
- *1) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған қолданыстағы лицензияны қайта ресімдеген;*
- *2) айырбастау пунктінің нақты орын ауыстырмай орналасқан жерінің мекенжайы өзгерген жағдайларда қолданыстағы лицензияның қолданыстағы қосымшасын қайта ресімдеу үшін Ұлттық Банктің аумақтық филиалына «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы өтініш жасайды.*

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында және екінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген жағдайларда, егер уәкілетті ұйымның мемлекеттік тіркеу орнының, уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінің орналасқан жерінің мекенжайының өзгеруі «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының талаптарына сәйкес елді мекендер атауының, көшелер атауының өзгеруіне байланысты болса, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу жүзеге асырылмайды.



Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияны және (немесе) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияға қосымшаны Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайта ресімдеуге электрондық өтініш қолданыстағы лицензияны және (немесе) лицензияға қолданыстағы қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туындаған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы ұсынылады.»;

мынадай мазмұндағы 19-1, 19-2, 19-3, 19-4, 19-5 және 19-6-тармақтармен толықтырылсын:

«19-1. Қолданыстағы лицензияны және (немесе) лицензияға қолданыстағы қосымшаны қайта ресімдеу үшін уәкілетті ұйым «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:
- *1) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияны және (немесе) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензияға қосымшаны Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайта ресімдеуге электрондық өтініш;*
- *2) ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қолданыстағы қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері;*
- *3) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төлеген жағдайларды қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен шұғылдану құқығы үшін лицензиялық алым төлемін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған қолданыстағы лицензияны қайта ресімдеген жағдайда).*

19-2. Қолданыстағы лицензияны және (немесе) қолданыстағы лицензияға қолданыстағы қосымшаны қайта ресімдеген кезде жауапты бөлімшенің қызметкері лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге өтінішті тіркеген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда жауапты бөлімшенің қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша дәлелді бас тартуды дайындайды және жібереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болу фактісі анықталған кезде жауапты бөлімшенің қызметкері лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге өтінішті тіркеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде құжаттарды Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкестігін қарайды, қайта ресімделген лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның не дәлелді бас тартудың жобасын дайындайды.

«Электрондық үкіметтің» веб-порталында мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушыға уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында жеке кабинетке жіберіледі.

19-3. Мемлекеттік қызмет көрсету кезеңі туралы ақпарат мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесінде автоматты режимде жаңартылады.

19-4. Мыналар лицензияны және (немесе) оған қосымшаны беруден, қайта ресімдеуден бас тарту үшін негіз болып табылады:
- *1) Валюталық реттеу туралы заңда және Рұқсаттар туралы заңда көзделген құжаттарды және (немесе) мәліметтерді ұсынбау;*
- *2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің Валюталық реттеу туралы заңда және Рұқсаттар туралы заңда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.*

19-5. Ұлттық Банктің аумақтық филиалының және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану Ұлттық Банктің аумақтық филиалы басшысының не оның орнындағы адамның атына жазбаша түрде жүргізіледі.

Заңды тұлғаның шағымында оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және шағым жасалған күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Ұлттық Банктің аумақтық филиалының кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалының атына келіп түскен көрсетілетін қызмет алушының шағымы оны тіркеу күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

19-6. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымданады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.»;

20 және 21-тармақтар алып тасталсын;

33-2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

- *«33-2. Айырбастау пункттерінің (автоматтандырылған айырбастау пункттерінің) жұмыс режимі теміржол вокзалдарының, казино ғимараттарының ішінде, халықаралық әуежай аэровокзалдарының ішінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобильмен, теңіз және өзен арқылы өткізу пункттерінің аумағында орналасқан айырбастау пункттерін (автоматтандырылған айырбастау пункттерін) қоспағанда қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға 9 сағат 00 минуттан бастап 20 сағат 00 минутқа дейінгі уақыт аралығында дербес анықтайды.»;*
- *осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакциядағы 4-1-қосымшамен толықтырылсын;*
- *12-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;*
- *13-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;*
- *14-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;*
- *16-қосымша осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.*

**2.** Қолма-қол ақша айналысы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**3.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**5.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізілетін осы қаулының 1-тармағының алпыс екінші, алпыс үшінші, алпыс төртінші және алпыс бесінші абзацтарын қоспағанда, осы қаулы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан



Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 25 мамырда № 20713 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы 2020 жылғы 18 мамыр № 70

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 75) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17374 болып тіркелген, 2018 жылғы 26 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларында:

1-тармақтың он тоғызыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«дүлей күш жағдайларының туындауы кезінде өткізілетін іс-шаралар шеңберінде, оның ішінде төтенше оқиғаларды және олардың салдарларын алдын алуға және жоюға бағытталған, сондай-ақ тез арада қалпына келтіруді талап ететін тетіктердің, агрегаттардың, жабдықтардың, бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз етулердің, қосалқы бөлшектердің және материалдардың сынуы, істен шығуы туындағанда (растау құжаттары болған кезде), электр энергетикалық объектілердегі, тіршілікті қамтамасыз ететін коммуникациялық жүйелердегі, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілеріндегі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 тамыздағы № 876 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының террористік тұрғыдан осал объектілерінің тізбесіне кіретін ерекше маңызды мемлекеттік объектілердегі, сондай-ақ өнеркәсіп салаларының және қызмет түрлерінің Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10310 болып тіркелген «Қауіпті өндірістік объектілерді сәйкестендіру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 353 бұйрығына сәйкес қауіпті өндірістік объектілер ретінде сәйкестендірілген объектілердегі апаттарды жою үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;»;

2-тармақтың 15) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«15) тапсырыс беруші – бөлімшелері, филиалдары, өкілдіктері, ведомстволары арқылы Ұлттық Банк, сондай-ақ Ұлттық Банктің құрылымына кіретін ұйымдар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық ка-

питалға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Ұлттық Банкке тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар;»;

6-1-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) өздері мен тапсырыс беруші арасында бұрын жасалған сатып алу туралы шарттары бойынша міндеттемелерін орындамаған жеткізушілердің, сондай-ақ сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті жеткізушілердің дерекқорын (бұдан әрі – дерекқор) жүргізуді жүзеге асырады.

Сатып алу туралы шарттар бойынша міндеттемелерді орындамағандарға тауарды жеткізбеген, қызметтерді көрсетпеген және жұмыстарды орындамаған, оның ішінде толық көлемде орындамаған, олармен сатып алу туралы шарттар біржақты тәртіппен бұзылған жеткізушілер жатады.

Дерекқор барлық тапсырыс берушілер үшін бірыңғай болып табылады және сатып алу порталын енгізгенге дейін Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында орналастырылады.»;

мынадай мазмұндағы 6-2-тармақпен толықтырылсын:

«6-2. Сатып алу порталының операторы Қағидалардың 176-1 және 192-1-тармақтарына сәйкес тапсырыс берушілер жіберетін ақпаратты алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде оны шартты бұзу және әлеуетті жеткізушіні шарт жасасудан жалтарған деп тану күнін көрсете отырып, дерекқорға орналастырады.

Жеткізуші немесе әлеуетті жеткізуші туралы ақпарат өзі мен тапсырыс беруші арасындағы шарт бұзылған не ол шарт жасасудан жалтарған деп танылған күннен бастап 2 (екі) жыл өткеннен кейін дерекқордан алып тасталады.»;

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Қағидалардың 17-тармағында көзделген тәсілдермен жүзеге асырылатын сатып алулар Қағидаларда көзделген тәртіппен электрондық сатып алу арқылы да жүргізіледі.»;

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Тапсырыс беруші сатып алу тәсілін осындай сатып алуды тапсырыс берушінің атынан тапсырыс беруші филиалының, өкілдігінің жүзеге асыру талабы кезінде оның филиалының және (немесе) өкілдігінің қызметін қамтамасыз етуге қажетті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жылдық көлеміне орай айқындайды.»;

159, 159-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«159. Шартты тікелей жасасу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті жеткізушіге жазбаша шақыру жібереді, онда мына мәліметтер:
- *1) сатып алуды ұйымдастырушының атауы және орналасқан жері;*
- *2) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атаулары және тапсырыс беруші бекіткен техникалық ерекше нұсқамасы;*
- *3) өткізілетін сатып алудың мәні болып табылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сома туралы мәліметтер;*
- *4) маңызды талаптарын, оның ішінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің мерзімін, санын (көлемін) көрсете отырып, сатып алу туралы шарттың жобасы;*
- *5) Қағидалардың 158-тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда әлеуетті жеткізушінің, оның қосалқы мердігерлерінің (бірлескен орындаушыларының) (олар тартылған кезде) Қағидалардың 50-тармағының 2) және 9) тармақшаларында көзделген біліктілік талаптарына сәйкес келуін растайтын құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерінің тізбесі;*
- *6) Қағидалардың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген), электрондық құжат нысанындағы, олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын рұқсаттар (хабарламалар) (мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда, жеткізуші Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) нотариат куәландырған көшірмесін жібереді) беру туралы талап қамтылады;*

Шартты тікелей жасасу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде сатып алуды ұйымдастырушының әлеуетті жеткізушіге шақыру жіберуі сатып алу порталы арқылы жүзеге асырылады.

159-1. Шақыру жіберу күнінің алдындағы 2 (екі) жыл ішінде өзі мен тапсырыс беруші арасында бұрын жасалған сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тапсырыс берушімен шарт жасасудан жалтарған фактісі болған әлеуетті жеткізушіге шақыру жіберілмейді.»;

161, 162-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«161. Қағидалардың 158-тармағының 13) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, шартты тікелей жасасу тәсілімен өткізілетін сатып алудың мәні болып табылатын тауарды жеткізуді, жұмысты орындауды, қызметті көрсетуді жүзеге асыруға ниет білдірген әлеуетті жеткізуші шақыру алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей сатып алуды ұйымдастырушыға мынадай құжаттарды қоса бере отырып, сатып алуға қатысуға жазбаша келісімін жібереді:
- *1) әлеуетті жеткізушінің жарғысына сәйкес сенімхатсыз қол қоюға құқығы бар әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысын қоспағанда, жазбаша келісімге қол қойған тұлғаға сатып алуға қатысуға берілген сенімхат;*
- *2) әлеуетті жеткізуші ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы және техникалық ерекше нұсқамасы;*
- *3) сатып алу туралы шарттың талаптарымен жазбаша келісу;*
- *4) ұсынылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің баға ұсынысы;*
- *5) Қағидалардың 158-тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, әлеуетті жеткізушінің (қосалқы мердігерлердің (бірлескен орындаушылардың) олар тартылған кезде) Қағидалардың 50-тармағының 2) және 9) тармақшаларында көзделген біліктілік талаптарына сәйкес келуін растайтын құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелері;*
- *6) Қағидалардың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген), электрондық құжат нысанындағы, олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын рұқсаттар (хабарламалар) (мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда, әлеуетті жеткізуші Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) нотариат куәландырған көшірмесін жібереді).*

162. Шартты тікелей жасасу тәсілімен өткізілетін сатып алудың мәні болып табылатын тауар жеткізуді, қызмет көрсетуді жүзеге асыруға ниет білдірген әлеуетті жеткізуші Қағидалардың 158-тармағының 13) тармақшасына сәйкес сатып алуды жүзеге асыру кезінде шақыру алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей сатып алуды ұйымдастырушыға мынадай құжаттарды қоса бере отырып, сатып алуға қатысуға жазбаша келісімін жібереді:
- *1) жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі;*
- *2) тұрғын үйге құқық белгілейтін құжаттардың нотариат куәландырған көшірмесі және техникалық паспорттың көшірмесі;*
- *3) шақырту алған күннен ерте берілмеген, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама;*
- *4) тұрғын үйдің ағымдағы жай-күйінің фототүсірілімін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізілген жылжымайтын мүлік объектісін (баспананы) бағалау туралы есептің нотариат куәландырған көшірмесі;*
- *5) әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысы;*
- *6) неке қатынастарының бар екенін растайтын құжаттың көшірмесін қоса бере отырып, жұбайының (зайыбының) нотариат куәландырған келісімін не неке қатынастарында тұрғаны туралы фактінің жоқ екені туралы мәліметтер көрсетілген өтінішті немесе некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесі.»;*

мынадай мазмұндағы 162-1-тармақпен толықтырылсын:

«162-1. Шартты тікелей жасасу тәсілімен электрондық сатып алуды жүргізу кезінде әлеуетті жеткізуші сатып алуды ұйымдастырушыға Қағидалардың 161 және 162-тармақтарында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, әлеуетті жеткізуші басшысының немесе ол уәкілеттік берген өзге адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған сатып алуға қатысу туралы растаманы жібереді.»;

163-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«163. Шартты тікелей жасасу тәсілімен сатып алуды жүргізу кезінде сатып алуды ұйымдастырушы тапсырыс берушінің бірінші басшысы немесе ол уәкілеттік берген өзге адам бекітетін сатып алу қорытындысы туралы хаттаманы ресімдейді.

Электрондық сатып алуды жүргізу кезінде сатып алу қорытындысы туралы хаттама сатып алу порталында орналастырылады.»;

167-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) әлеуетті жеткізуші белгіленген мерзімде сатып алуға қатысуға жазбаша келісімін жібермеген не шартты тікелей жасасу тәсілімен өткізілетін сатып алуға қатысудан бас тартқан;»;

мынадай мазмұндағы 176-1-тармақпен толықтырылсын:

«176-1. Тапсырыс беруші сатып алу порталының операторына дерекқорға орналастыру үшін әлеуетті жеткізушінің шарт жасасудан жалтарған деп танылған күнін көрсете отырып, тендер және баға ұсыныстарын сұрату тәсілдерімен өткізілген сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті жеткізуші туралы ақпаратты жібереді.»;

мынадай мазмұндағы 192-1-тармақпен толықтырылсын:

«192-1. Тапсырыс беруші сатып алу порталының операторына дерекқорға орналастыру үшін шартты бұзу күнін көрсете отырып, өзі мен тапсырыс беруші арасында жасалған сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жеткізуші туралы ақпаратты жібереді.»;

Қағидаларға 2-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 4-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді.

**2.** Қаржы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**3.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**5.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан





Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 26 мамырда № 20728 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы 2020 жылғы 18 мамыр № 71

### Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 25 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** Осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

**2.** Тәуекелдер департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және*

**3.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**5.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 29 маусымда № 20908 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы 2020 жылғы 15 маусым № 77

### «Ең төмен резервтік талаптар туралы қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 229 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** «Ең төмен резервтік талаптар туралы қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 229 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19679 болып тіркелген, 2019 жылғы 9 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ең төмен резервтік талаптар туралы қағидаларда:
- *1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;*
- *3-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.*

**2.** Ақша-кредит саясаты департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**3.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**5.** Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 2020 жылғы 14 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан





Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 30 маусымда № 20909 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы 2020 жылғы 15 маусым № 78

### Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқаратын шетелдік ұйымдарға қойылатын талаптарды қоса алғанда, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару үшін қажетті іс-қимылдар жасау өздеріне тапсырылған кезде, оларды таңдау қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** Қоса беріліп отырған Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқаратын шетелдік ұйымдарға қойылатын талаптарды қоса алғанда, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару үшін қажетті іс-қимылдар жасау өздеріне тапсырылған кезде, оларды таңдау қағидалары бекітілсін.

**2.** Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқаратын шетелдік ұйымдарға қойылатын талаптарды қоса алғанда, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару үшін қажетті іс-қимылдар жасау өздеріне тапсырылған кезде, оларды таңдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 қыркүйектегі № 173 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15947 болып тіркелген, 2017 жылғы 9 қарашада Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

**3.** Монетарлық операциялар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**4.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**5.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**6.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 9 шілдеде № 20945 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы 2020 жылғы 30 маусым № 85

### «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 261 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 261 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7996 болып тіркелген, 2012 жылғы 6 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» газетінде № 802-806 (27877) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидаларында:

3-тармақта:
- *1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:*

«1) Агенттіктер – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі («Қазақстан Республикасының қаржы нарығын мемлекеттік реттеу жүйесін әрі қарай жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 12 сәуірдегі № 25 Жарлығымен таратылды), Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі («Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 11 қарашадағы № 203 Жарлығымен құрылды);»;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«10) талаптар – Ұлттық Банк әзірлеген, Ұлттық Банк қызметшісінің лауазымына орналасуға үміткер адамдарға Ұлттық Банк бөлімшелері қызметінің негізгі бағыттарын, Ұлттық Банк қызметшілерінің лауазымдық өкілеттіктерін ескере отырып білімі, жұмыс тәжірибесі және құзыреттері бойынша қойылатын талаптар;»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Ұлттық Банк қызметшісінің лауазымына конкурстан тыс мыналар орналасады:
- *1) Ұлттық Банк қызметшісінің бос лауазымына ауысу арқылы талаптарға сәйкес келетін Ұлттық Банк қызметкерлері;*
- *2) кадр резервінде тұрған адамдар;*
- *3) жоғары біліктілік деңгейі және кәсіби дайындығы бар адамдар:*
- *шет тілін білетін (IELTS халықаралық сертификатының болуы – 9-дан 6-дан төмен емес, TOEFL IBT – 120-дан 80, TCF 699-дан 400 (B2), CILS 1, HSK 11-ден 6-деңгей);*
- *және (немесе) ғылыми дәрежесі бар;*
- *және (немесе) шетелдік жоғары оқу орындарында оқуды аяқтаған;*
- *және (немесе) халықаралық бухгалтерлік (CMA, CPA, CIPA, CAP, ACCA, IAB) немесе қаржылық (CFM, CFA, IFA, CIMA) сертификаттары, ақпараттық технологиялар (CISA, CISM) және ішкі аудит (CIA, CCSA, CRMA, CGAP, CFSA) саласында халықаралық сертификаттары, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (ACAMS) саласындағы халықаралық сертификаты бар;*
- *және (немесе) Ұлттық Банктің ұйымдарында және еншілес ұйымдарында, ұлттық басқарушы холдингте, даму институттарында, қаржы ұйымдарында, заңгерлік фирмаларда (компанияларда) Ұлттық Банк қызметшісінің бос лауазымының функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салаларда кемінде 2 (екі) жыл жұмыс тәжірибесі бар;*
- *және (немесе) мемлекеттік органдарда басшы лауазымдарда кемінде 1 (бір) жыл жұмыс тәжірибесі бар;*
- *және (немесе) IT саласында (жүйе талдаушылары мен архитекторлар), құрылыс саласында (құрылысшы-инженерлер), бұқаралық ақпарат құралдары саласында (журналистер, PR мамандары), химиялық-талдамалық сараптама саласында (металлургтер, химиктер, физиктер) лауазымының функционалдық бағыттарына сәйкес келетін ұйымдарда кемінде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесі бар;*
- *4) бұрын Ұлттық Банкте немесе оның ведомствосында не Агенттіктерде кемінде екі жыл жұмыс істеген адамдар (еңбек шарты теріс жағдайлар бойынша бұзылған адамдарды қоспағанда);*
- *5) «Назарбаев Университеті» ДБҰ магистратурасының түлектері немесе Ұлттық Банктің және «Нархоз университеті» АҚ-тың арасындағы Ынтымақтастық туралы келісімде көзделген білім беру бағдарламалары шеңберінде білім алған «Нархоз университеті» АҚ магистратурасының немесе Ұлттық Банк магистратурасының түлектері;*
- *6) Президенттік жастар кадр резервіне алынған, талаптарға сәйкес келетін адамдар.».*

**2.** Адам капиталын дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**3.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.

**5.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 9 шілдеде № 20945 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы 2020 жылғы 30 маусым № 86

### Айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын теңгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін белгілеу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы және «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** Айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын теңгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектері:
- *1) АҚШ доллары үшін – 6 теңге,*
- *2) еуро үшін – 7 теңге болып белгіленсін.*

**2.** Қолма-қол ақша айналысы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**3.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.

**5.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 29 шілдеде № 21025 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы 2020 жылғы 20 шілде № 90

### «Көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтер беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 213 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін төмендетуге бағытталған шараларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 16 тамыздағы № 602 қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**3.** «Көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтер беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 213 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14339 болып тіркелген, 2016 жылғы 4 қарашада «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:



кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы, «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы және «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтер беру тәртібін белгілеу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:»;**

көрсетілген қаулымен бекітілген Көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтер беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«1. Осы Көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтер беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы және «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді.»;*

4-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
- *«Төлем ұйымдары Қағидалардың 7, 13, 21 және 22-тармақтарында көзделген Мәліметтерді Ұлттық Банкке электрондық тәсілмен немесе қағаз тасымалдағышта ұсынады.»;*

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«Егер Қағидаларда көзделген әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандар бойынша Мәліметтер ұсыну мерзімі жұмыс істемейтін күнге дәл келсе, Мәліметтерді ұсыну мерзімінің аяқталу күні келесі жұмыс күні болып саналады.»;*

мынадай мазмұндағы 22-тармақпен толықтырылсын:
- *«Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бағытында қабылданған шаралар бойынша мәлімет» нысанын жартыжылдық негізде есепті жарты жылдықтан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдары ұсынады.»;*
- *1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11,  12, 13, 15-қосымшалар осы қаулыға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;*

осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес 16-қосымшамен толықтырылсын.

**14.** Төлем жүйелері департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *1)Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2)осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3)осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының 3) осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**15.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**16.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**17.** Осы қаулы 2020 жылдың 1 тамызынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 24 шілдеде № 21015 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы 2020 жылғы 20 шілде № 91

**Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункті арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын және табыс ету мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы, «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы, «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына және «Кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін төмендетуге бағытталған шараларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 16 тамыздағы № 602 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** Мыналар:
- *1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункті арқылы жүзеге асыратын заңды тұлға ұсынатын Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауы туралы есептілігінің тізбесі;*
- *2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты тұлғалар тізбесіне енгізілген жеке тұлғалардың ақшасымен және (немесе) өзге мүлкімен операциялар жүргізуден бас тарту туралы есептің нысаны;*
- *3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес жеке тұлғалардың ақшасымен және (немесе) өзге мүлкімен операциялар жасау туралы есептің нысаны;*
- *4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункті арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаның үлестес тұлғалары және олардың ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялары туралы есептің нысаны;*
- *5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункті арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаның шетелдік банктерде ашылған банктік шоттары бойынша ақша аударымдары туралы есептің нысаны;*
- *6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункті арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауы туралы есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.*

**2.** Қолма-қол ақша айналысы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**3.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.

**5.** Осы қаулы 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 24 шілдеде № 21014 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы 2020 жылғы 20 шілде № 93

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы, «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы, «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

**2.** Төлем балансы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**3.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.

**5.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 26 қыркүйек №21287 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы 2020 жылғы 21 қыркүйек № 105

**«Екінші деңгейдегі банктерінің, Ұлттық пошта операторының, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы № 14 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** «Екінші деңгейдегі банктерінің, Ұлттық пошта операторының, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы № 14 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20075 болып тіркелген, 2020 жылғы 2 наурызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының, Ұлттық пошта операторының, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының, Ұлттық пошта операторының, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктерінің, Ұлттық пошта операторының, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының, Ұлттық пошта операторының, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидалары»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының, Ұлттық пошта операторының, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының, Ұлттық пошта операторының (бұдан әрі – банктер), банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың (бұдан әрі – инкассаторлық ұйымдар), қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың (бұдан әрі – уәкілетті ұйымдар) және олардың филиалдарының үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру тәртібін айқындайды.».

**2.** Қолма-қол ақша айналысы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**3.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.

**5.** Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 2020 жылғы 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 25 қыркүйек № 21278 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2020 жылғы 21 қыркүйек № 107

### Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының бухгалтерлік есепке алу деректері бойынша есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы, «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының бухгалтерлік есепке алу деректері бойынша есептілікті ұсыну тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының бухгалтерлік есепке алу деректері бойынша есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.

**2.** Бухгалтерлік есеп департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**3.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.

**5.** Осы қаулы 2020 жылғы 16 желтоқсаннан бастап күшіне енеді және ресми жариялануы тиіс.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан



Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 25 қыркүйек № 21276 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2020 жылғы 21 қыркүйек № 108

### Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бухгалтерлік есеп жүргізу және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес және бухгалтерлік есеп жүргізу және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыруды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының бухгалтерлік есеп жүргізу және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі бекітілсін.

**2.** Бухгалтерлік есеп департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**3.** Сыртқы коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.

**5.** Осы қаулы 2020 жылғы 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 25 қырүйек № 21275 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2020 жылғы 21 қыркүйек № 109

**Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының және ипотекалық ұйымдардың бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту және «Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 22 қыркүйектегі № 79 қаулысына және «Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 68 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** Қоса беріліп отырған Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының және ипотекалық ұйымдардың бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

**2.** «Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 22 қыркүйектегі № 79 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5348 болып тіркелген, 2008 жылғы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында № 12 жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспары (бұдан әрі – Шоттар жоспары) «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі – жинақтаушы зейнетақы қорлары), банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың (ипотекалық ұйымдары және бұрын еншілес банктер болған заңды тұлғаларды қоспағанда), Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру брокерлерінің (бұдан әрі – ұйымдар) қаржылық есептілік элементтерін топтастыру және қаржылық есептілікті жасау үшін бухгалтерлік есеп шоттарында құндық көрсеткішпен ағымдағы көрсетуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының (бұдан әрі – ұйымдар) бухгалтерлік есепке алу деректері бойынша есептілік элементтерін топтастыру және бухгалтерлік есепке алу деректері бойынша есептілікті жасау үшін бухгалтерлік есеп шоттарында құндық көрсеткішпен ағымдағы көрсетуге арналған.».

**3.** «Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 68 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7121 болып тіркелген, 2011 жылғы 5 қазанда «Заң газеті» газетінде № 144 (1960) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:



көрсетілген қаулымен бекітілген Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Нұсқаулық бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі – жинақтаушы зейнетақы қорлары), банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың (ипотекалық ұйымдарды және бұрын еншілес банктер болған заңды тұлғаларды қоспағанда), бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру брокерлерінің және Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының (бұдан әрі – ұйым) меншікті ақшаны салымдарға, қарыздарға, бағалы қағаздарға, туынды қаржы құралдарына, тазартылған бағалы металдарға, шетел валютасына орналастыру операцияларының, хеджирлеу операцияларының, сондай-ақ РЕПО және кері РЕПО операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізуді нақтылайды.».

**4.** Осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің құрылымдық бөліктерінің күші жойылды деп танылсын.

**5.** 5. Бухгалтерлік есеп департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 6-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**6.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**7.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.

**8.** Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 2020 жылғы 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 25 қырүйек № 21282 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2020 жылғы 21 қыркүйек № 111

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына және «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шарт туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 мамырдағы № 655 қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқарудың тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4361 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 28-1 тармақпен толықтырылсын:
- *«28-1. Тұрақтандыру портфелінің ең төменгі мөлшері 5 (бес) миллиард АҚШ долларын құрайды. Егер әрбір тоқсанның қорытындылары бойынша тұрақтандыру портфелінің мөлшері 5 (бес) миллиард АҚШ долларынан кем болған жағдайда, толықтыру үшін қажетті мөлшердегі қаражат тиісті тоқсаннан кейінгі 1 (бір) ай ішінде жинақ портфелінен тұрақтандыру портфеліне ауыстырылады.»;*

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«48. Өтімділігі жоғары бағалы қағаздардың мынадай индекстерінен тұратын дамыған елдер облигацияларының композиттік индексі дамыған елдердің мемлекеттік облигацияларының портфелі үшін эталондық портфель болып табылады:*
- *ICE BofAML 1-10 Year US Treasury Index (G5O2) – 62,5 (алпыс екі бүтін оннан бес) пайыз;*
- *ICE Q1AR Custom Index (Q1AR) – 12,5 (он екі бүтін оннан бес) пайыз;*
- *ICE BofAML 1-10 Year UK Gilt Index (G5L0) – 10 (он) пайыз;*
- *ICE BofAML 1-10 Year Japan Government Index (G5Y0) – 5 (бес) пайыз;*
- *ICE BofAML 1-10 Year Australia Government Index (G5T0) – 5 (бес) пайыз;*
- *ICE BofAML 1-10 Year Canada Government Index (G5C0) – 5 (бес) пайыз.*

Дамыған елдер облигацияларының композиттік индексінде эталондық бөлуге қайтару күнтізбелік тоқсанның соңғы жұмыс күні жүзеге асырылады.

Дамыған елдер облигацияларының композиттік индексіндегі бағалы қағаздардың құрамы ай сайын өзгеріп отырады.

Ұлттық Банк кірістілік пен тәуекел көрсеткіштерін күн сайын есептейді.»;

6-1-қосымша осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

6-2-қосымша осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

**2.** Монетарлық операциялар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**3.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.



**5.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 25 қыркүйек № 21271 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2020 жылғы 21 қыркүйек № 112

### Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір қаулыларына көрсетілетін төлем қызметтері нарығының субъектілерін реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне шетел валютасындағы ипотекалық қарыздар, көрсетілетін төлем қызметтері нарығының субъектілерін реттеуді жетілдіру, жалпыға бірдей декларациялау және экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің көрсетілетін төлем қызметтері нарығының субъектілерін реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі бекітілсін.

**2.** Төлем жүйелері департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**3.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.А. Біртановқа жүктелсін.

**5.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 21 қазанда № 21466 болып тіркелді

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

Нұр-Сұлтан қаласы
2020 жылғы 21 қыркүйек № 115

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ**

Нұр-Сұлтан қаласы
2020 жылғы 07 қыркүйек № 679

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ҚАУЛЫСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

### Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ғимараттарында және оның аумақтық филиалдарында өткізу және объектішілік режимдерді қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы

«Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 қазандағы № 1151 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің инженерлік-техникалық нығайтылуы жөніндегі талаптардың 5-тармағының 1) тармақшасына және «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 23-тармағы үшінші бөлігінің 9) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі **БҰЙЫРАДЫ:**

**1.** Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ғимараттарында және оның аумақтық филиалдарында өткізу және объектішілік режимдерді қамтамасыз ету жөніндегі қағидалар бекітілсін.

**2.** Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) Қауіпсіздік департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *1) Ұлттық Банктің Заң департаментімен бірлесіп осы бірлескен қаулы мен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы бірлескен қаулы мен бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы бірлескен қаулы мен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Ұлттық Банктің Заң департаментіне осы бірлескен қаулы мен бұйрықтың осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**3.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы бірлескен қаулы мен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде олардың көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы бірлескен қаулы мен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасына жүктелсін.

**5.** Осы бірлескен қаулы мен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан





Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 25 қыркүйекте № 21284 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2020 жылғы 21 қыркүйек № 119

### «Төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 215 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне шетел валютасындағы ипотекалық қарыздар, көрсетілетін төлем қызметтері нарығының субъектілерін реттеуді жетілдіру, жалпыға бірдей декларациялау және экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**9.** «Төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 215 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14347 болып тіркелген, 2016 жылғы 3 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«4. Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өту үшін төлем ұйымы Ұлттық Банкке Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлем ұйымының атқарушы органының басшысы (мүшелері) туралы мәліметтер қамтылатын өтінішті (төлем ұйымының атқарушы органы басшысының (мүшесінің) дипломының (дипломдарының) және 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмелері қоса беріледі) қағаз тасымалдағышта немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы ұсынады.*
- *Өтінішпен бірге Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 16-бабы 2-тармағының 1-1), 2), 3) және 7) тармақшаларында көзделген құжаттар беріледі»;*

10-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
- *«10. Ұлттық Банк төлем ұйымының өтінішін қарайды және Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 16-бабының 2-тармағында көзделген құжаттардың толық топтамасын ұсынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде ол бойынша шешім қабылдайды.»;*

12 және 12-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
- *«12. Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 16-бабының 2-тармағында көзделген құжаттарға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізген жағдайда, төлем ұйымы осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде өзгертілген және (немесе) толықтырылған құжаттарды Ұлттық Банкке ұсынады.*

12-1. Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өткен төлем ұйымы көрсетілетін төлем қызметтерінің тізбесіне қосымша төлем қызметтерін қосу қажет болған жағдайда, осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде көрсету жоспарланып отырған төлем қызметтері ескеріле отырып енгізілген өзгерістері және (немесе) толықтырулары бар Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 16-бабы 2-тармағының 1-1), 3) және 7) тармақшаларында көзделген құжаттарды Ұлттық Банкке ұсынады.»;

15-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«15-1. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаты, нысаны, мазмұны және нәтижелері қамтылған есептік тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі, сондай-ақ*

*есептік тіркеу бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет ерекшеліктері есепке алынған өзге де мәліметтер Қағидаларға 2-қосымшада белгіленген.»;*

17-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
- *«17. Ұлттық Банк төлем ұйымын есептік тіркеу туралы шешім қабылдаған кезде Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 16-бабының 2-тармағында көзделген құжаттардың толық топтамасын ұсынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде:»;*

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«18. Ұлттық Банк төлем ұйымын есептік тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 16-бабының 2-тармағында көзделген құжаттардың толық топтамасын ұсынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бас тарту себептерін көрсете отырып, төлем ұйымына есептік тіркеуден дәлелді бас тартуды жібереді.*

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- *«22. Ұлттық Банк төлем ұйымын тізілімнен алып тастаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Ұлттық Банк төлем ұйымына оның нақты орналасқан жері бойынша не өтініште көрсетілген мекенжай бойынша жазбаша хабарлайды және бұл жөніндегі ақпаратты Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында жариялайды.»;*
- *2-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.*

**18.** Төлем жүйелері департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**19.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**20.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.А. Біртановқа жүктелсін.

**21.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан





Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 29 қыркүйекте № 21299 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2020 жылғы 28 қыркүйек № 120

### Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу қағидалары бекітілсін.

**2.** Мыналардың:
- *1) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 247 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10204 болып тіркелген, 2015 жылғы 3 наурызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);*
- *2) «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына төлемдер және төлем жүйелері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 248 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16446 болып тіркелген, 2018 жылғы 13 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) бекітілген Төлемдер және төлем жүйелері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы қаулыларының тізбесі 6-тармағының күші жойылды деп танылсын.*

**3.** Қолма-қол ақша айналысы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**4.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**5.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**6.** Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 2020 жылғы 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 5 қарашада № 21593 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2020 жылғы 27 қазан № 128

### Қазақстан Ұлттық Банкінің банктік идентификациялау кодтарын беру, пайдалану және жою, сондай-ақ банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтарын және банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын беру және жою, олардың құрылымы, Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастыру және жүргізу туралы нұсқаулықты бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне екінші деңгейдегі банктердің жұмыс істемейтін кредиттері мен активтері, қаржылық қызметтер көрсету және қаржы ұйымдары мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** Қоса беріліп отырған Қазақстан Ұлттық Банкінің банктік идентификациялау кодтарын беру, пайдалану және жою, сондай-ақ банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтарын және банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын беру және жою, олардың құрылымы, Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастыру және жүргізу туралы нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) бекітілсін.

**2.** Осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасы қаулысының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

**3.** Төлем жүйелері департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**4.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**5.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.А. Біртановқа жүктелсін.

**6.** Осы қаулы 2020 жылғы 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан



Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 5 қарашада № 21584 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2020 жылғы 27 қазан № 129

### Төлем ұйымы жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерін белгілеу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** Төлем ұйымы жарғылық капиталының мынадай ең төменгі мөлшері белгіленсін:
- *1) «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң) 12-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген төлем қызметтерін көрсету үшін 50 000 000 (елу миллион) теңге;*
- *2) Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 12-бабы 1-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген төлем қызметтерін көрсету үшін 30 000 000 (отыз миллион) теңге;*
- *3) Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 12-бабы 1-тармағының 8) тармақшасында көрсетілген төлем қызметтерін көрсету үшін 40 000 000 (қырық миллион) теңге;*
- *4) Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 12-бабы 1-тармағының 9) тармақшасында көрсетілген төлем қызметтерін көрсету үшін 30 000 000 (отыз миллион) теңге.*

**2.** Көрсетілетін төлем қызметтерін қоса атқарған кезде төлем ұйымының жарғылық капиталының ең төменгі мөлшері:
- *1) Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 12-бабы 1-тармағының 3), 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген төлем қызметтері үшін 100 000 000 (бір жүз миллион) теңге;*
- *2) Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 12-бабы 1-тармағының 3), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген төлем қызметтері үшін 90 000 000 (тоқсан миллион) теңге;*
- *3) Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 12-бабы 1-тармағының 3), 7) және 9) тармақшаларында көрсетілген төлем қызметтері үшін 80 000 000 (сексен миллион) теңге;*
- *4) Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 12-бабы 1-тармағының 3), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген төлем қызметтері үшін 100 000 000 (бір жүз миллион) теңге;*
- *5) Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 12-бабы 1-тармағының 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген төлем қызметтері үшін 70 000 000 (жетпіс миллион) теңге;*
- *6) Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 12-бабы 1-тармағының 3) және 7) тармақшаларында көрсетілген төлем қызметтері үшін 50 000 000 (елу миллион) теңге;*
- *7) Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 12-бабы 1-тармағының 3) және 8) тармақшаларында көрсетілген төлем қызметтері үшін 90 000 000 (тоқсан миллион) теңге;*
- *8) Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 12-бабы 1-тармағының 3) және 9) тармақшаларында көрсетілген төлем қызметтері үшін 80 000 000 (сексен миллион) теңге;*
- *9) Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 12-бабы 1-тармағының 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген төлем қызметтері үшін 40 000 000 (қырық миллион) теңге;*
- *10) Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 12-бабы 1-тармағының 7) және 9) тармақшаларында көрсетілген төлем қызметтері үшін 30 000 000 (отыз миллион) теңге;*
- *11) Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 12-бабы 1-тармағының 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген төлем қызметтері үшін 70 000 000 (жетпіс миллион) теңге болады.*

**3.** Төлем жүйелері департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**4.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**5.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**6.** Осы қаулы 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 8 желтоқсанда № 21733 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2020 жылғы 30 қазан № 135

### «Ең төмен резервтік талаптар туралы қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 229 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** «Ең төмен резервтік талаптар туралы қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 229 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19679 болып тіркелген, 2019 жылғы 9 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ең төмен резервтік талаптар туралы қағидаларда:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Ең төмен резервтік талаптар туралы қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және екінші деңгейдегі банктердің және бейрезидент банктер филиалдарының (бұдан әрі – банк) ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын міндеттемелерінің құрылымын, ең төмен резервтік талаптарды есептеу, ең төмен резервтік талаптарды орындау, ең төмен резервтік талаптарды резервтеу және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.»;

4-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

**2.** Ақша-кредит саясаты департаменті (Шаймарданов Ж.Н.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- *1) Заң департаментімен (Қасенов А.С.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**3.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің баспасөз қызметі (Адамбаева Ә.Р.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.

**5.** Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 2020 жылғы 29 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқа

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 12 желтоқсанда № 21767 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2020 жылғы 30 қараша № 139

### Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне төлемдер және төлем жүйелері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлемдер және төлем жүйелері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі бекітілсін (бұдан әрі – Тізбе).

**2.** Төлем жүйелері департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**3.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.А. Біртановка жүктелсін.

5. Осы қаулы 2020 жылғы 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 25 желтоқсанда № 21917 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2020 жылғы 21 желтоқсан № 143

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сыртқы басқарушыларды таңдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 19 наурыздағы № 29 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сыртқы басқарушыларды таңдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 19 наурыздағы № 29 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде

№ 20243 болып тіркелген, 2020 жылғы 6 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сыртқы басқарушыларды таңдау қағидаларында:

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«17. Уәкілетті бөлімше Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес инвестициялық және операциялық дью-дилидженс шеңберінде қысқа тізімдегі Әлеуетті сыртқы басқарушылардың ұсыныстарын салыстырмалы талдауды жүзеге асыру үшін бағалау өлшемшарттарына сәйкес қысқа тізімдегі әлеуетті сыртқы басқарушылардың ұсыныстарына қосымша бағалау жүргізеді.»;

2-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Монетарлық операциялар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және* 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.





3. Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 25 желтоқсанда № 21916 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2020 жылғы 21 желтоқсан № 144

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқаратын шетелдік ұйымдарға қойылатын талаптарды қоса алғанда, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару үшін қажетті іс-қимылдар жасау өздеріне тапсырылған кезде, оларды таңдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 15 маусымдағы № 78 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқаратын шетелдік ұйымдарға қойылатын талаптарды қоса алғанда, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару үшін қажетті іс-қимылдар жасау өздеріне тапсырылған кезде, оларды таңдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 15 маусымдағы № 78 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20909 болып тіркелген, 2020 жылғы 30 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:
- *көрсетілген қаулымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқаратын шетелдік ұйымдарға қойылатын талаптарды қоса алғанда, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару үшін қажетті іс-қимылдар жасау өздеріне тапсырылған кезде, оларды таңдау қағидаларында:*
- *16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:*
- *«16. Уәкілетті бөлімше Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес инвестициялық және операциялық дью-дилидженс шеңберінде қысқа тізімдегі Әлеуетті сыртқы басқарушылардың ұсыныстарын салыстырмалы талдауды жүзеге асыру үшін бағалау өлшемшарттарына сәйкес қысқа тізімдегі әлеуетті сыртқы басқарушылардың ұсыныстарына қосымша бағалау жүргізеді.»;* 2-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Монетарлық операциялар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**3.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**5.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 29 желтоқсанда № 21962 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2020 жылғы 21 желтоқсан № 148

### «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысына толықтыру енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 75) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17374 болып тіркелген, 2018 жылғы 26 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

- *көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларында:*
- *мынадай мазмұндағы 114-1-тармақпен толықтырылсын:*
- *«114-1. Тиынмен есептелген демпингтік баға дөңгелектенеді. Бұл ретте 50 (елу) тиыннан аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал 50 (елу) тиынға тең және одан жоғары сома 1 (бір) теңгеге дейін дөңгелектенеді.».*





**2.** Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы департаменті (Адибаев А.С.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- *1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**3.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (Адамбаева А.Р.) баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.

**5.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 24 желтоқсанда № 21899 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2020 жылғы 21 желтоқсан № 149

### «Айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын теңгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 14 шілдедегі № 86 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы және «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.** «Айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын теңгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 14 шілдедегі № 86 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20972 тіркелді, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық ак-

тілерінің эталондық бақылау банкінде 2020 жылғы 16 шілдеде жарияланды) мынадай өзгеріс енгізілсін:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2022 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.».

**2.** Қолма-қол ақша айналысы департаменті (Ж.Т. Қажымұратов) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- *1) Заң департаментімен (А.С. Қасенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**3.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің баспасөз қызметі (Ә.Р. Адамбаева) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**4.** Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.

**5.** Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 24 желтоқсанда № 21901 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2020 жылғы 21 желтоқсан № 150

### Кәсіпкерлік субъектілерінің банктік шоттардан қолма-қол ақшаны алу сомасының шекті мөлшерін, сондай-ақ банктік шоттардан қолма-қол ақшаны алу жөніндегі талап қолданылмайтын якәсіпкерлік субъектілерін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі **БҰЙЫРАМЫН:**

**1.** Кәсіпкерлік субъектілерінің күнтізбелік ай ішінде банктік шоттардан қолма-қол ақшаны алу сомасының мынадай шекті мөлшері бекітілсін:

- *1) шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін – 20 000 000 (жиырма миллион) теңге;*
- *2) орта кәсіпкерлік субъектілері үшін – 120 000 000 (бір жүз жиырма миллион) теңге;*
- *3) ірі кәсіпкерлік субъектілері үшін – 150 000 000 (бір жүз елу миллион) теңге.*

**2.** Осы бірлескен қаулының және бұйрықтың 1-тармағында белгіленген кәсіпкерлік субъектілерінің банктік шоттардан күнтізбелік ай ішінде қолма-қол ақшаны алу сомасының шекті мөлшері мынадай кәсіпкерлік субъектілеріне:

- *1) микрокәсіпкерлік субъектілеріне;*
- *2) ауылшаруашылық азық-түлік өнімін, акваөсіру (балық аулау) өнімін сатып алуды жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне;*
- *3) осы бірлескен қаулыға және бұйрыққа қосымшаға сәйкес экономикалық қызмет түрлерімен тамақ өнімдерін, сусындарды, сондай-ақ фармацевтикалық, медициналық және ортопедиялық тауарларды бөлшек саудада сатуды жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне;*
- *4) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған корреспонденттік шоттардан олардың қолма-қол ақшаны алуы кезінде екінші деңгейдегі банктерге және Ұлттық пошта операторына және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қолданылмайтыны айқындалсын.*

**3.** Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қолма-қол ақша айналысы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- *1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы бірлескен қаулыны және бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
- *2) осы бірлескен қаулыны және бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
- *3) осы бірлескен қаулы және бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы бірлескен қаулының және бұйрықтың осы тармағының 2) тармақшасында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

**4.** Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің баспасөз қызметі осы бірлескен қаулы және бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін екі жұмыс күні ішінде олардың көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

**5.** Осы бірлескен қаулының және бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына және жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

**6.** Осы қаулы 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 23 желтоқсанда № 21885 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2020 жылғы 21 желтоқсан № 151

### Кәсіпкерлік субъектілерінің банктік шоттардан қолма-қол ақшаны алу қағидаларын бекіту туралы

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) және «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және

қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі және «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Қазақстан Республикасының Қаржы министрі **БҰЙЫРАДЫ**:

1. Қоса беріліп отырған Кәсіпкерлік субъектілерінің банктік шоттардан қолма-қол ақшаны алу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қолма-қол ақша айналысы департаменті (Қажымұратов Ж.Т.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
   - *1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен (Қасенов А.С.) бірлесіп осы бірлескен қаулыларды және бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
   - *2) осы бірлескен қаулыларды және бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
   - *3) осы бірлескен қаулыларды және бұйрықты мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы бірлескен қаулылардың және бұйрықтың осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

3. Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің баспасөз қызметі (Адамбаева Ә.Р.) осы бірлескен қаулылар және бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін екі жұмыс күні ішінде олардың көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен қаулылардың және бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі Қ.Е. Баеділовке, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының орынбасары Н.А. Әбдірахмановқа және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.

5. Осы қаулылар және бұйрық ресми жариялануға тиіс және 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан

Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2020 жылғы 23 желтоқсанда № 21878 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 2020 жылғы 21 желтоқсан № 153

### «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 261 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 261 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7996 болып тіркелген, 2012 жылғы 6 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» газетінде № 802-806 (27877) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидаларында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Ұлттық Банк қызметшісінің лауазымына конкурстан тыс мына адамдар:
- *1) Ұлттық Банк қызметшісінің бос лауазымына ауысу арқылы Ұлттық Банк қызметкерлері;*
- *2) кадр резервінде тұрған адамдар;*
- *3) жоғары біліктілік деңгейі және кәсіби дайындығы бар адамдар:*
  - *шет тілін білетін адамдар (IELTS халықаралық сертификатының болуы – 9-дын 6-нан төмен емес, TOEFL IBT – 120-дан 80, TCF 699-дан 400 (B2), CILS 1, HSK 11-ден 6-деңгей);*
  - *және (немесе) ғылыми дәрежесі бар;*
  - *және (немесе) шетелдік жоғары оқу орындарында оқуды аяқтаған;*
  - *және (немесе) халықаралық бухгалтерлік (CMA, CPA, CIPA, CAP, ACCA, IAB) немесе қаржылық (CFM, CFA, IFA, CIMA) сертификаттары, ақпараттық технологиялар (CISA, CISM) және ішкі аудит саласында (CIA, CCSA, CRMA, CGAP, CFSA) халықаралық сертификаттары, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы (ACAMS) халықаралық сертификаты бар;*
  - *және (немесе) Ұлттық Банктің ұйымдарында және еншілес ұйымдарында, ұлттық басқарушы холдингте, оның еншілес ұйымдарында, даму институттарында, қаржы ұйымдарында, заңгерлік фирмаларда (компанияларда), құқық қорғау органдарында кемінде 2 (екі) жыл жұмыс тәжірибесі бар;*
  - *және (немесе) мемлекеттік органдарда кемінде 2 (екі) жыл жұмыс тәжірибесі бар;*
  - *және (немесе) IT және киберқауіпсіздік саласында (жүйе талдаушылары, архитекторлар), құрылыс саласында (құрылысшы-инженерлер), бұқаралық ақпарат құралдары саласында (журналистер, PR мамандары), химиялық-талдамалық сараптама саласында (металлургтер, химиктер, физиктер) лауазымының функционалдық бағыттарына сәйкес келетін ұйымдарда кемінде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесі бар;*
- *4) бұрын Ұлттық Банкте немесе оның ведомствосында, не Агенттіктерде кемінде екі жыл жұмыс істеген адамдар (еңбек шарты теріс салдар бойынша бұзылған адамдарды қоспағанда);*
- *5) «Назарбаев Университеті» ДБҰ магистратурасының немесе Ұлттық Банк пен «Нархоз университеті» АҚ-тың арасындағы Ынтымақтастық туралы келісімде көзделген білім беру бағдарламалары шеңберінде білім алған «Нархоз университеті» АҚ магистратурасының түлектері, немесе Ұлттық Банк магистратурасының түлектері;*
- *6) Президенттік жастар кадр резервіне алынған;*
- *7) Ұлттық Банк Төрағасының шешімі бойынша Ұлттық Банкке жүктелген міндеттер мен функцияларды іске асыру үшін тартылған өзге адамдар орналасады.».*

2. Адам капиталын дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
   - *1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;*
   - *2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;*
   - *3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.*

3. Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Басқарма қаулысының қосымшасы ҚҰБ ***интернет-ресурсында*** орналасқан